



ЕКПЕ – АЗАМАТТЫҚ ТАҢДАУ



Ортақ Отанда өмір сүріп жатқан кез келген азамат сол елдің заңдарын сыйлауға, оған мойынсұнуға міндетті. Әрбір адамның азаматтық парызы мен адами құқығы да осындай шарттылықтардан тұрады. Мемлекетті алға ілгерілетуші де, кейінге тартып құрдымға сүйреуші де – адам. Ендеше, мемлекетінің гүлденіп, өркеніет көшіне қосылуына ниетгілер қатары да дамушы, дамыған елдер санатында көп болса керек-ті. Ол бүгінгідей қиын жағдайларда сын тезіне түседі. Азаматтық таңдау – әлемді жайлаған індеттен шығудың жолын іздеу. Ол бүгінгі ғылым мен білімнің жетістігіне сену, соған ұмтылу. Бүгінгі ғылым, бүгінгі медицина әлемді пандемиялық жағдайдан шығарудың, коронавирустан құтқарудың жолын іздеп жатыр.

(Соңы 3-бетте)



СУРЕТШІЛЕР КӨЛЕҢКЕДЕ ҚАЛДЫ

5-бет



«АСЫРА СІЛТЕУ БОЛМАСЫН»

6-бет

МӨСЕЛЕ



ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ҚОҚЫС ЖИНАУДАН БАСТАЛАДЫ

Соңғы жылдары табиғаттың тосын мінезін зерттеуге көшкен мамандар тұрмыстық қалдықтардан келетін экологиялық апат жоғары екенін айтып дабыл қағуда. Өйткені, дүниежүзі бойынша пластик қалдықтың тоғыз пайызы ғана өңделеді екен. Елімізде тұрмыстық қалдықтарды қайта сұрыптау ісі қолға алынғанымен, шикізаттың тапшылығынан коқысты кәдеге жарату мәселесі шешімін таппай келеді.

Екі жылдан бері тұрғындарға коқысты сұрыптап жинатып, 2030 жылға дейін қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу үлесін 40 пайызға жеткіземіз деген Үкіметтің тірлігінен түк шығар емес.

(Соңы 5-бетте)

САРАП

БАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН НАҚТЫЛАЙТЫН БАЗА ҚАЖЕТ

СОТ БИЛІГІ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ ҮШ ТАРМАҒЫНЫҢ БІРІ. ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ДАУ-ДАМАЙЛАРДЫ ҚАРАСТЫРУ. БАС АССАМБЛЕЯНЫҢ 1966 ЖЫЛҒЫ 16 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ХХІ ҚАРАРЫМЕН ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ РАТИФИКАЦИЯЛАҒАН АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАКТІҢ 14-БАБЫНЫҢ 1-ТАРМАҒЫНА САЙ, «СОТ ПЕН ТРИБУНАЛДЫҢ АЛДЫНДА БӘРІ БІРДЕЙ».

Қазақстандағы жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформаның міндеті азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сот өндірісін жетілдіру, заңнаманы қазіргі заманғы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру.

Судьялардың VIII съезінде Мемлекет басшысы судьяларға БАҚ және әлеуметтік желілер тарапынан

қысым жасалатын жағдайлардың кездесетініне назар аудартты. Себебі, сотқа құрмет көрсетпеу қоғамға айтарлықтай қауіп төндіріп қана қоймай, дәлелдемелерді зерттеуді қиындата түседі, сот процесінің тәрбиелік маңызын жоғалтады. Билік өкілі ретінде судьялардың құқығын қорғаудың құқықтық әдістерін қайта қарау қашан да өзекті. Тұтастай алғанда, біз адвокаттар

мен заңгерлердің сот жүйесін және сот шешімдерін көпшілік алдында сынға алуы заңнамалық негіздерге қайшы емес деген тезиспен келісеміз. Мұндай позиция әр адам өз ой-пікірін еркін білдіруге құқылы екенін білдіретін халықаралық құжаттардың нормаларына сәйкес келеді. Осыған орай, азаматтар мен БАҚ өкілдері сөз еркіндігін пайдаланудың шегін білуі тиіс. Адам құқығы жөніндегі еуропалық соттардың шешімдерін сараласак, сот жүйесі мен судьяларға айтылған жария пікірлерге қатаң баға беріліп, жаза тағайындалады. Алайда, Қазақстанда сот шешімдері мен судьялар қызметін бағалаудағы заңсыз іс-әрекеттер қалыпты жағдай ретінде танылуда. Ел азаматтары судьялар мен олардың шешімдері туралы жөнсіз пікірлерге жол береді. Сол арқылы сот билігіне деген жағымсыз көзқарасты қалыптастырады.

(Соңы 4-бетте)

ВАКЦИНАДАН БАС ТАРТУШЫЛАР САНЫН АЗАЙТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

Белгібай ШАХМЕТОВ, медицина ғылымының докторы, профессор:

– Екпе ерікті дегенмен, қазір ел ішінде екпеге мәжбүрлеу шаралары көп орын алып жатқаны байқалады. Негізгі адамның табиғаты тыйым салынған нәрсеге құмар, міндеттеген нәрсеге қарсы шығуға бейім. Сондықтан халықты ынталандыру сыйлықтарымен қызықтырып немесе жұмыстан айырыласың деп қорқытып, мәжбүрлеп салдыру дұрыс емес. Халықтың күдігі одан сайын күшейеді. Неге жақсы нәрсе болса сыйлық таратып әбігерге салуда? Немесе, жұмыстан айырыласың деп қорқыту не үшін деп адамның ішкі қарсылығы күшейе түседі. Сондықтан мұндай тәсілдерден гөрі екпе туралы түсіндіру жұмыстарын көбірек жүргізіп, халықты екпеге өз еркімен тартуға тырысуымыз керек.

Елімізде екпе алудан қашып екпе паспорты мен жарамсыздық анықтамасын сатып алуға тырысушылар көбеюде. Бұл ұжымдық иммунитетті қалыптасуына кедергі. Мұндай жағдайда коронавируспен күрес қаншалықты нәтижелі болады?

Мырзабек БЕКБЕРДІ, заңгер:

– Рас, қазір екпе алудан қашып, алмаудың жолын іздеп жүргендер көп. Қашанда қауесет бірінші таралады ғой. Түрлі қауесет, аңызға бергісіз әңгімелер екпеден үрейленушілердің санын арттырып тұр. Сондықтан ел ішінде насихаттау, түсіндіру жұмыстарын арттырумен қоса, елдің үрейленгенін өз пайдасына жаратуға тырысып отырған дәрігерлердің жауапкершілігін арттыруымыз керек.

Қазір Сингапур елі ковидке жай тұмау секілді қарым-қатынас жасауға тырысуда. Бірақ тұмаудан гөрі қауіпті екенін, санаулы күннің ішінде жұққан адамның жеткізетінін көзіміз көріп отыр. Қазір мектептерді ашып, барлығымыз офлайн жұмыс режиміне өтсек, балаларымызға қауіп төнуі мүмкін. Сондықтан жағдайды ушықтырмау үшін шектеулі карантиндік режимде отырмыз.

(Соңы 3-бетте)

ЕЛ ІШІ



ДЕПУТАТТАР ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫН АРАЛАДЫ

Жылдағы дәстүрге сай ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттары ел аралауды бастап кетті. «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері Бекқали Торғаев, Айдос Сарым және Артур Платонов партияның «Өзгерістер жолы: эрадамға лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасының орындау барысын бақылау мақсатында Алматыда кіші өнеркәсіптік парктегі жобалардың іске асырылуымен танысты.

Құзырлы органдардың мәліметіне сүйенсек, мегаполисте шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылуда. Еліміздің әрбір үшінші шағын және орта бизнес кәсіпорны Алматыда, жұмыспен қамтылған 10 азаматтың алтауы шағын және орта бизнестің жұмыс істейді. Алматы қаласы бойынша Жол картасына жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптік базалар негізінде өнеркәсіптік парктар құру және жаңа өндірістік үй-жайлар салу енгізілген. Үш жүзге жуық жобаны жүзеге асыру алматылықтарға 25 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Бұл мақсатқа барлығы 18,2 млрд теңге бөлінген.

Биыл Наурызбай, Түрксіб және Алатау аудандарында ашылады деп жоспарланған бес өнеркәсіптік парктің төртеуі жұмысқа кірісті. Нұротандық мәжілісмендер алдымен Алматы қаласының Наурызбай ауданындағы «A1a Estate» шағын өнеркәсіптік саябағына барды. Аталған аудан аумағында жиһаз, кондитерлік және галантерея бұйымдарын, кеңсе тауарларын, бетперделер мен азық-түлік қаптамаларын шығаратын 9 өндіріс орны ашылған. Кәсіпорындар 120-ға дейін тұрақты жұмыс орнын қамтамасыз етеді. Хал-жағдайларын білуге арнайы келген депутаттарға ризашылығын білдірген кәсіпкерлер алаңдарды жалға алу бойынша ұсынылған шарттардың көңілдері-

нен шығатынын, бұл қажетті өнімді шығаруды уақытылы реттеуге мүмкіндік беретінін жеткізді.

«Еңбеканын тұрақты түрде төленуі, жұмыс істеу үшін жасалған жағдай және аталған өнеркәсіпке 2%-дық несиең берілуі – мұның барлығы шағын және орта бизнеске бағытталған мемлекеттік қолдаудың және мегаполис идеологиясының күшейгенін көрсетеді. Бізді халықтың жағдайы толғандырады. Осы кездесулердің де ең негізгі себебі осы», – деді жұмыс тобының басшысы, депутат Бекқали Торғаев.

Бұдан кейін мәртебелі меймандар шетелдік инвесторлар мен технологияларды тарта отырып, сол өнеркәсіптік алаңда орналасқан трикотаж фабрикасын салу жобасымен танысты. Жоспар бойынша, мұнда 300 жұмыс орны ашылмақ.

«Бүгінде Алматы – еліміздің іскерлік астанасы, Қазақстанның экономикалық дамуының ірі локомотиві, Орталық Азия өңірінің негізгі көлік-логистикалық тораптарының бірі. Әлемнің үздік мегаполистерінің қатарына кіруге деген ұмтылыс жылына кемінде 5% экономикалық өсуді қамтамасыз етуді талап етеді. Бұған еңбек өнімділігін арттыру арқылы ғана қолжеткізуге болады», – деген мәжілісмен Айдос Сарым бизнесті қолдауға бағытталған іс-шараларды жоғары бағалады.

Сапар соңында шағын және орта бизнесті дамыту – «Nur Otan» партиясының және Қазақстанның жаңа экономикалық бағытының негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өткен Мәжіліс депутаттары «Nur Otan» партияның бұдан әрі де кәсіпкерлікті дамытуға қолдаудың тиімді құралдары арқылы жәрдемдесе беретінін жеткізді.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ҰСЫНЫС

ҚАЗАҚСТАНДА СУДЬЯЛАР КҮНІ БЕЛГІЛЕНБЕК

Еліміздегі кәсіби мерекелер қатары тағы бір атаулы күнмен толықтап.

ҚР Жоғарғы Соты Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізіміне қосымша енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметіне қаулы жобасын әзірледі.

Жоба бойынша, аталған тізбе

11-3-тармақпен «5 маусым – Соттар мен сот жүйесі күні» деген мазмұнда толықтырылған.

Құжат «Ашық НҚА» сайтында орналастырылып, 28 шілдеге дейін қоғамдық талқылауға мүмкіндік берілген.

Жалпы, мұндай мереке көршілес мемлекеттерде бұрыннан бар екендігін

айта кеткен жөн. Айталық, Қырғызстанда сот жүйесі қызметкерлері кәсіби мерекесін жыл сайын 5 наурызда атап өтсе, Украинада және Ресейде бұл күн 15 желтоқсанда, Түркменстанда 5 шілдеде тойланады.

Қалай болғанда да, бұл мейрам азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп жүрген сот саласы қызметкерлерін ортақ мақсаттарға біріктіре түсері анық.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

БАҚЫЛАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛДЕГІ «КИЛЛЕР»

Олардың жасөспірімдерді өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізуі қоғамды алаңдатады

Еліміз бүгінгідей дамудың даңғыл жолына түсіп, инновациялық өрлеуге аяқ басқан кезеңінде әр адам әлеуметтік желісіз өмір сүре алмайтын жағдайға жетті. Әсіресе, интернет ақпараттық салада ауадай қажеттілік туындады. Десек те, әлеуметтік желінің кереғар тұсы да жоқ емес. Бесіктен бөлі шықпаған баланың да осы жүйеге байланғаны рас. Қазір жасөспірімдер арасында да әлеуметтік желілерде өлім топтары ашу және жүргізу арқылы өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу фактілері кездесіп жатыр. Интернет арқылы өрімдей ұл-қыздарды өлімге итеретіндер бастапқыда ешқандай күдік келтірмейді. Балаларға тек ойын түріндегі тапсырмалар береді. Бірақ ақыры өлімге алып барады. Мұны біреу білсе, біреу білмейді. Осындай ойыннан талай отбасы зардап шегіп жатады.

Қазақстанда суицидті насихаттайтын «Синий кит», «Тихий дом» ойындарын ойнайтын жастар қатары көбеймесе, азаяр түрі байқалмайды. Әсіресе, әлеуметтік жағынан осал әрі компьютерлік ойындарға бейім, ата-ананың бақылауынан тыс қалған балалар олардың арбауына тез, оңай түсіп жатады. Себебі, ойынның шарттары балаларға психологиялық тұрғыда қатты әсер етпегенімен, соны қайғылы жағдайлармен аяқталады. Өкінішке қарай, ойынның түбі өлімге тірелген жағдайлар өңірімізде кездеседі. Алайда, бұл жерде әңгіме ойында емес, сол ойынның балама нұсқасын жасап шығарғанда.

Бір ғана мысал, 2017 жылдың аяғында Ч. деген азамат Түркістан облысы, Арыс қаласындағы өз үйінде «ВКонтакте» әлеуметтік желісінде «Синий кит», «Тихий дом» секілді ойындардың негізінде «Зеленый кот» деп аталатын қазақстандық нұсқаны жасап шығарған. Ол интернет желісін қолдану, қорқыту арқылы көмелетке толмаған жасөспірімдерді өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізуге оқталған. Арыстың тұрғын өз бағдарламасында адамның денесіне түрлі жарақаттар салуды және өзін-өзі өлтіруге психологиялық дайындық жасайтын тапсырмалардың 21 қадамын ойластырған. Ал соңғы 21-тапсырмасында суицид жасау, яғни өзіне өзі қол жұмсау жоспарына қол жеткізіледі. Арыс қаласының азаматы 2020 жылғы 14 мамырда 2006 жылы дүниеге келген, көмелетке толмаған ШҚО тұрғынын «Whatsapp» мессенджері арқылы ойынға тартқан. Жәбірленуші осы ойынды ойнау арқылы 21 тапсырманың 12-сін орындаған.

Осы жағдайға байланысты суицид ойын тобын құрған азамат Ч. құрықталып, оған Арыс аудандық сотында ҚК 24-бабының 3-бөлігі, 105-бабының 3-бөлігі бойынша айыптау үкімі шықты. Сотталушының барлық кінәсі тергеу әрекеттерінің нәтижелерімен дәлелденді. Сот үкімімен сотталушы Ч. кінәлі деп танылып, оған 4 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Ол жазасын



кылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтейтін болды.

Әлеуметтік желідегі мұндай арампиғылды адамдарды ұстау оңай емес. Өйткені, олар үнемі белсенді болмайды. Жұмыстарын арақидік жүргізіп тұрады. Сондықтан гаджеттің дәуірі жүріп тұрғанда балаға абай болған жөн. Ұл-қыздың әрбір әрекетіне жіті мән беру керек. Бала өзін қалай сезініп тұр, не ойлап жүр. Міне, осының бәрін сұрап, саралап отыру қажет.

Бүгінде ішкі істер министрлігінде ғаламтор, әлеуметтік желіге арнайы мониторинг жүргізіп отыратын тұтас департамент бар. Егер қандай да бір күдік туындаса әлгі топ яки парақша бұғатталады. Бірақ жаналары да пайда болып жатады. Сондықтан әр баланы үдейге ересектер жіті қадағалауды басты назарда ұстайық!

Сонымен бірге, осы жаңадан пайда болған дүниелерге сәйкестендіріп, қылмыстық заңнамаға да өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Әрекеттегі Қылмыстық кодекстің 105-бабының диспозициясы жәбірленушіні қорқыту, оған қатыгездікпен қарау немесе оның адами қадір-қасиетін үнемі қорлау арқылы адамды өзін-өзі өлтіруге дейін немесе өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізу үшін жауаптылық көздейді.

Алайда, әлеуметтік желілерде өлім топтарын ашып, оларға жетекшілік (кураторлық) ету, өзіне қол жұмсауға дейін ойын түрінде жеткізіп, ақыл-көңестерімен, алдау, сендіру, ақпарат қару беру, кедергілерді жою және қарулар мен құралдарын жасыруға уәде беру, тағы басқа да көптеген тәсілдермен септігін тигізу үшін жауаптылықты көздейтін норма жоқ. Сондықтан заңдағы аталған олықты, әлеуметтік желілер арқылы жасөспірімдердің өліміне себепкер болып жүрген тұлғаларды жауаптылыққа тартуда қиындықтар тудыруы мүмкін.

Осыған байланысты, біздің еліміздің қылмыстық заңнамасына Ресей Қылмыстық кодексінің 110.1 және 110.2-баптарымен балама нормаларды дереу енгізу қажет деп санаймын.

Сапархан УМАРОВ,
Арыс аудандық сотының төрағасы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

САҚТАНДЫРУ САЛАСЫ БОЙЫНША САУАТТЫ КӨТЕРУ МАҢЫЗДЫ

ҚР Жоғарғы Соты үнемі жақсы істерге бастамашы болып, пилоттық жобаларды жүзеге асырып келеді. Бұл жобалардың түпкі мақсаты сот жұмысын жандандырып, азаматтар құқығын барынша жедел, мінсіз қорғауға бағытталған.

Соңғы жылдары төрелік алаңында сақтандыруға қатысты даулардың жиі тарауы басына салынатыны жасырын емес. Сырт қарағанда аса қиындық туғызбайтын мұндай істерді сотқа жеткізбей де реттеуге болады. Алайда сақтандыру шартымен байланысты даулардың көпшілігі тек сот алаңында шешіліп жатады. Мұның бірнеше себебі бар. Әрі бұл Жоғарғы Соттың «сақтандыру туралы заңнаманы қолдану тәжірибесі, сақтандыру мен сақтандыру қатынастарының өзекті мәселелері» деп аталатын арнайы пилоттық жобасы барысында түпкілікті зерделеніп отыр.

Жалпы, екі тарапты мәмілеге келтіріп, дауды орасан келісіммен бітірудің пайдасы орасан зор. Себебі, істі сотқа қарау мен сотқа жеткізбей шешуден ең алдымен азаматтар ұтады. Мәселесін тек сот арқылы шешкісі келетіндер уақыт жағынан да, қаржы тұрғысынан да ұтылады. Адами қарым-қатынасқа көлеңке түсетіні және бар. Осыған орай кейінгі уақытта азаматтық дауларды, даусыз істерді сотқа дейін реттеуге ынталандыру, азаматтардың құқықтық

сауатын көтеру бойынша ауқымды іс-шаралар жүргізіліп келеді. Сақтандыру дауларының алдын алуға, тиімді шешуге бағытталған пилоттық жоба да осы ізгі істің бір бөлігі.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай сақтандыру дауларының басым көпшілігі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартын орындау және мүлікті өз еркімен сақтандыру шарты бойынша қозғалады. Азаматтар көбіне-көп суброгация тәртібімен сақтандыру төлемін өндіру туралы арызданады. Өкінішке орай, азаматтардың құқықтық сауатының төмендігін, кейде өз мүддесін қорғауда табандылық танытпауын пайдаланған сақтандыру компаниялары сақтандыруды төлеуден, сақтандыру сомаларын өндіруден бас тартып жатады. Сонымен бірге, жол-көлік оқиғасы барысындағы залалдың мөлшерін анықтау және қаралу тәртібіне қатысты мәселелер баршылық. Мұнда да әлі күнге дейін ортақ тәжірибенің қалыптаспауы азаматтар талабын толық қанағаттандыруға келергі.

Бұған қоса, көптеген даулар жәбірленушіге төленген сақтандыру сомасы мен көлікті жөндеудегі қосымша шығын арасындағы айырмашылықты төлеу бойынша туындауда. Сондай-ақ автосөзесі алу кезіндегі ерікті сақтандыру және жол-көлік оқиғасы кезінде өте-

летін залал мөлшерін анықтау тәртібін де азаматтар түсіне бермейді. Тағы бір түйткіл – өндірістік қауіпсіздікті сақтамау салдарынан орын алады. Бүгінде жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға және қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі зиянды өтеуге жұмыс берушілер өте салғырт қарайды. Жұмысшы тағдырымен тікелей байланысты бұл мәселенің де дау тақырыбына айналатын кездері бар. Яғни, сақтандыруға қатысты дауларды реттеу кезінде осы мәселені де назардан тыс қалдыруға болмайды.

Міне, сондықтан да, пилоттық жоба шеңберінде ең әуелі қарапайым халыққа сақтандыру шарттары, сақтандыру төлемін өндіру бойынша заңнама талаптарын түсіндіру өзекті болып отыр. Мұндай істер тек сот алаңында шешілім үшін медиаторлардың, адвокаттардың сақтандырумен байланысты келіспеушіліктерді реттеу тәжірибесін шыңдап, кәсіби деңгейін көтерген дұрыс. Өйткені, сақтандыру даулары бойынша татуластыру рәсімдерін кеңінен қолданатын болсақ, бұл сотқа да, азаматтардың өзіне де тиімді болар еді. Алайда, сақтандыру даулары бойынша татуласу маңызды болғанымен, келісімге келуге ынта танытатындар көп емес. Дегенмен, қазір аймақтық соттарда жүзеге асып жатқан пилоттық жоба аясында бұл кемшіліктер біртіндеп шешімін тауып келеді.

Гүлзира ЖАҢҒАЛИЕВА,
Маңғыстау облысы
Жаңаөзен қалалық сотының
судьясы

БАЗЫНА

АРАҚҚА ҮЙІР ӘЙЕЛДЕР КӨБЕЙДІ

Қазақтың қызы да, әйелі де арақ-шарап ішетін болды. Ол жаналық болудан қалғалы қашан... Бір қолымен баласының арбасын сүйреп, екінші қолымен сыра ішіп бара жатады. Біз мұндай күйге қалай жеттік?

Қазір маскүнем күйеуімен алысып, соны емдетемін деп жүрген әйелдердің саны азайған. Бұл – ерлер аз ішетін болды деген сөз емес, әйелдер күресуді қойған, күйеулерімен бірге ішеді деген сөз.

Көше-көшеде, қуыс-қуыста бет-ауыздары домбығып ісіп, үсті-басы сасып, көзінің асты көгеріп жүретін әйелдерді көргенде айысың, әрі жиіркенесің. Кафе-мейрамханаларда темекісін бұрқыратып, сыраға тойып, ықылық атып отыратын ұыздай жап-жас қыздардың саны да көбейіп барады. Сыраны алкогольді ішімдік емес деп өзімізді өзіміз алдап қойдық. Қызымыз үйге аузынан ішімдіктің иісі шығып келсе, «е-е, сыра ішкен екен ғой» деп, «ойтеуір, арақ емес екеніне» тәубе дейміз. Ол аз болса, алпыстан асып, жетпіске қарай кетіп бара жатқан әуелеріміз бен аталарымыз бір-бірін сүйеп, арақ ішіп жүретін ауылдар бар. Мұндай үйлердің берекесі де, мерекесі де жоқ.

Арақ – барлық кесепаттың, қайғы-қасіреттің бастауы, барлық жамандықтың кілті. Бұл кілтті әйелдің қолына беріп қойғанымыз ұлтқа жамандықтың есігін ашып бергеніміз болса керек.

Соңғы кездері елімізде адамдардың алкогольдік ішімдік ішіп, мас күйінде жасаған құқықбұзушылықтар мен қылмыстар саны көбейіп барады.

2021 жылғы 15 маусымда Қорғалжын аудандық сотында әйел адам мас күйінде көлік жүргізгені және рұқсатсыз, хабарламасыз адам тасымалдағаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабының 1-бөлігімен және 463-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жазаға тартылды. Ол 15 тәулікке әкімшілік қамқау алынып, жеті жылға көлік жүргізу құқығынан айырылды, сондай-ақ оған рұқсатсыз, тіркесуіс адам тасымалдағаны үшін 43755 теңге мөлшерінде айыппұл салынды. Сотта жауаптылыққа тартылған әйел кінәсін мойындап, өз ісіне өкінетінін айтты.

Сонымен қатар, құқықбұзушы әйелге көлік басқару құқығынан айырылған бола тұра, келешекте масаң күйде көлік құралын басқарған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны ескертілді.

Масаң күйде көлік басқарғандарға қатаң шаралар қабылдау бойынша заңға өзгерту енгізілгеніне қарамастан, кейбір жүргізушілер әлі күнге дейін ішімдік ішіп алып көлік басқаруда. Мас жүргізуші – қылмыскер. Өзіңізге де, айналаңыздағы адамдарға да қауіп төндірмеңіз!

С.АЛЬСЕНОВА,
Қорғалжын аудандық сотының бас маманы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі жетістік – вакцина. Мемлекет бұл мүмкіндікті өз азаматтарына тегін, ерікті форматта ұсынып отыр. Бізге қалған міндет дәстүрлі медицина мүмкіндігіне сеніп, өзімізді, жақынымызды, айналамызды вирустан аман сақтау, екпе алу.

Бір сәтте бүкіл әлемді бетперделі режимге ауыстырып, оқушыларды онлайн білім алуға көндірген, талай саланың тұралап, мекемелерді шектеулі карантиндік жағдайда жұмыс істеуге мәжбүрлеген, адамдардың өмір сүру ырғағын өзгерген пандемиялық жағдаймен өмір сүріп жатқанымызға екінші жыл. Бір жыл бұрын ауру



ЕКПЕ – АЗАМАТТЫҚ ТАҢДАУ

жаппай өршіп, талай шаңырақ қара жамылып, науқастар өкпені жасанды желдету қондырғысына тағылғанда екпені аңсағанымыз рас. Алайда, жаппай егіле бастағаннан кейін екпеге қатысты қауесетке сенушілердің қатары артып, вакцинадан бас тартушылар көбейіп кетті. Ол аздай вакцина алу құжатын сатып алуға тырысқан жағдайлар да кездесті.

Мәселен, жақында ғана Алматы қаласындағы үш бірдей медициналық мекеменің қызметкерлері ПТР нәтижелері мен вакцинация төлқұжаттарын қолдан жасағаны үшін сотталды. «Достар Мед» және «Сұңқар» медициналық орталықтарының қызметкерлері жалған құжаттар жасағаны үшін істі болса, №4 қалалық емхананың қызметкерлері вакциналау паспорттарын сатқаны және вакциналарды заңсыз жойып жібергені үшін қылмыстық іс қозғалды. Артынаша Ақмола облысында медициналық қызметкер жалған вакцина паспортты таратқан деген күдікке ілінді. Алматы қаласындағы туристік агенттік Сауд Арабиясына баратын қажылар үшін барлығы 143 жалған вакцина паспортты жасағаны да әшкере болды. Тек шілденің басынан бері Нұр-Сұлтан қаласында ПТР тест анықтамасын жасап сатуудың екі фактісі тіркелген. Ішкі істер министрлігінің баспасөз өкілі Шұғыла Тұрлыбектің айтуынша ПТР-тест құжаттарын шетелде отырып-ақ сататын адамдар пайда болған. «Елден тыс аумақта бола тұрып, вирус жұқтырмағаны туралы ПТР-тест анықтамасының электрондық нұсқасын жасап, 5500 теңгеге сатқан қазақстандық анықталды. Анықтамаларды «Телеграм» мессенджері арқылы жіберіп отырған. Аталған оқиға бойынша құжат дайындап сатқаны үшін қылмыстық іс қозғалды» дейді құзырлы орган өкілі. Қысқасы екпеге қатысты заңбұзушылықтардың өршіп бара жатқаны байқалады.

Жалпы, жыл басынан бері құқық қорғау орындары ПТР-тестілеу нәтижелері мен вакцина паспорттарын қолдан жасаудың, сондай-ақ оларды пайдаланудың 30-дан астам жағдайын тіркепті.

Айта кетер жайт, мұндай заңбұзушылық үшін жауапкершілік Қылмыстық кодекстің 385 – «жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу» бабында қарастырылған. Яғни, қылмыстық құқық бұзушылықтың

осы түрі үшін 2 000 АЕК (5,8 миллион теңге) мөлшерінде айыппұл салу, не сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейтін қылмыстық жауапкершілік белгіленген. Егер аталмыш құқық бұзушылық жыл ішінде қайталап анықталса, сондай-ақ адамдар тобы алдын ала сөз байласу арқылы вакцина төлқұжаттарын қолдан жасаса, айыппұл 4 000 АЕК-ке,

күнде ауруханалардағы науқастардың саны 2,5 есе өскен. Елдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты ведомстволық комиссия «қызыл аймақтағы» өңірлерде карантиндік шектеулерді күшейту бойынша шаралар қабылдауда. Қызыл аймақтағы өңірлердің саны да күрт артып кетті. Сондықтан екпе ектірмей, қалыпты өмір сүру жағдайына орала алмайтынымызды мойындау керек секілді...

Бір қызығы, осы уақытқа дейін екпеден денсаулығы нашарлаған

Сіз не дейсіз?

Данияр РАМАЗАНҰЛЫ, Нұр-Сұлтан қалалық №10 емхананың алдын ала ем-шара қызметінің жетекшісі:

«Өткеннен сабақ алмағанымыз өкінішті»

– Халықтың екпе алмау үшін түрлі қитұртқы әрекеттерге баруы үлкен өзекті мәселе болып отыр. Екпені төгіп тастатып, қалаған екпесін салынды деп жазып алушылар көбейіп барады. Кейбір жағдайда дәрігер ештеңе білмейді, медбикемен ғана келісіп, екпе салынды деп құжат жасатып жүр. Немесе дәрігер мен медбике біріге отырып ауызбастырық алып, тұрғындарды екпеден босатып жібереді. Қазір аурудың қайта өршіп бара жатқанын көріп отырмыз. Вакциналау осылай көзбояушылықпен жалғаса берсе, біз індетті ешқашан жеңе алмаймыз. Егер ауру пайда бола сала егілсек, біз індетті ерте жеңген болар едік. Қазір вирус түрленіп, бейімделіп таралып барады. Сондықтан оның қаупі де жоғары. Осыны халық түсінуі керек. Вакциналау паспортын сатып алу, одан қалды екпеге жарамсыздығы туралы жалған анықтама алушылар көбейе берсе, індет те біздің елімізден кетпей көбірек тұрақтайды. Өлім-жітім қаупі де арта береді. Бұл медицина қызметкерлері жауапкершілігінің төмендігінен орын алып отырған мәселе. Екпе кабинеттеріне камера орнатуға да болмайды. Өткен жылы ауру қатты өршіген кезде, тұншыққан талай жанның өлімінен сабақ алмағанымыз өкінішті.

яғни 11,6 миллион теңгеге дейін өседі. Тәртіп бұзушыларды 1000 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға болады. Ал жалған вакцина төлқұжатын қолдану 160 АЕК, шамамен 467 мың теңге көлемінде айыппұл салынады, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 160 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 40 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу көзделген. Қолға түскендері жазаланып жатыр, ал айласын асырып жүргендер ше? Қоғамды алдағанымен, вирусты алдай алмай індетті өршітіп алмаймыз ба?! Қазір аурудың қайта өршуі мен өте қауіпті үнділік «дельта» штаммының көбеюі жағдайды ушықтыра түсуде. Соңғы 10

жағдайлар тіркелмесе де, екпеден үрейленіп, бас тартушылар қатары арта түскен. Алматы қалалық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Нариман Табынбаевтың айтуынша, тікелей екпені қабытумен өлім жағдайы тіркелмеген. БАҚ бетінде айтылғандай, екпеден соң қайтыс болған екі адамның жағдайында адам өлімі жедел жүрек жеткіліксіздігі салдарынан орын алған. Жүргізілген зерттеулер мен талдаулар олардың вакцинамен тікелей байланысты емес екенін көрсеткен. «Бүгінгі таңда бізде екпе реакцияларынан бес мыңнан астам жағдайы тіркелген. Бұл инъекция орнындағы ауырсыну, температура немесе әлсіздік» дейді Алматы қаласының денсаулық сақтау басқармасының бастығы.

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

САЙЛАУ -2021

САЯСИ БӘСЕКЕНІҢ БӘСІ ЖОҒАРЫ

Жетісу өлкесінде биыл саяси дода 71 ауылдық округте өтеді. Тек әкімдердің уәкілетті мерзімі аяқталмағандықтан, Райымбек ауданы мен Талдықорған, Қапшағай қалаларында ғана сайлау өтпейді.

Алматы облысында аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдық округтердің 253 әкімі бар. Биыл Еңбекшіқазақ ауданында – 10, Ақсу ауданында – 9, Алакөл ауданында – 8, Балқаш, Ұйғыр ауданында – 6, Кеген ауданында – 5, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Талғар аудандарында – 4, Сарқан ауданында – 3, Жамбыл, Қаратал аудандарында – 2, Ескелді, Іле, Қарасай аудандары мен Текелі қаласынан – 1 әкім сайланатын болады.

Алматы облысы сайлау комиссиясының мүшесі Қаһарман Жақсылықтың айтуынша, 2021 жылғы 25 маусымда облыстың аумақтық сайлау комиссиялары 25 шілдеге 71 ауылдық округте сайлау тағайындады. Сайлау округтерін тағайындау, құру туралы ақпарат, сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнгізбелік жоспары аудандар мен қала әкімдіктерінің сайттарында орналастырылған және жергілікті БАҚ-та жарияланды.

10 ҮМІТКЕР – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР

Ел тарихында алғаш рет орын алған саяси бәсекенің бәсі жоғары. Бүгінгі күні үміткерлердің 243-і талапқа сай деп танылды. 154 үміткер – жұмыс істеп жүрген мемлекеттік қызметшілер. Оның ішінде 35 үміткер қайта сайлану арқылы дауысқа салынады. 32 кандидат коммерциялық құрылымдардың өкілдері, 70 кандидат бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, 10 кандидат уақытша жұмыс істемейді, 4 кандидат қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, 6 кандидат өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, 3 кандидат зейнеткерлер (ІІМ және әскери). Осы арада айта кететін тағы бір жәйт, саяси



партиялармен ұсынылған үміткерлердің 5-еуі (12,5%) жұмыс істеп тұрған әкімдер, 10-ы мемлекеттік қызметкерлер, 20-сы коммерциялық құрылымдардың өкілдері, 13-і бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, 6-уы уақытша жұмыс істемейді, 3-еуі қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, 1-еуі зейнеткер, 5-еуі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.

93 ҮМІТКЕР – САЯСИ ПАРТИЯ ӨКІЛДЕРІ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 113-3-бабына сәйкес, 2021 жылғы 25 шілдеде ауылдық округтер әкімдерінің сайлауы өтеді. Онда 17 аумақтық және 198 учаскелік сайлау комиссиялары, 1451 сайлау комиссияларының мүшелері жұмыс істейді. Сайлаушылар саны – 221672.

Бұл ретте 60 әкім өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты, 11-і (15,5%) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты сайланады.

Жалпы, 279 үміткер ұсынылып, олардың 93-і (33,3%) саяси партиялар, 186-сы өзін-өзі ұсыну арқылы тіркелді. Бір орынға бәсекелестік орта есеппен 3,9 адамды құрап отыр. Барлық округтерде үміткерлердің саны 3-тен көп. Ең көп үміткер Іле ауданы Чапаев ауылдық округінде (9) тіркеліп отыр.

– Жалпы, бұл сайлауға «Nur Otan» партиясы – 57, «Ауыл» ХДПП – 7, «Ақ Жол» ҚДП – 1, «ADAL» СП – 13, ҚХП – 12, ЖСДП – 3 үміткерін қосып отыр. – 44 сайлау округінде (62%) бір ғана саяси партияның үміткерлері бар. 19 сайлау округінде (26,8%) екі және одан да көп саяси партиялардың үміткерлері ұсынылды. 12 округте (17%) екі саяси партиядан, 4 округте (5,6%) – 3, 2 округте (2,8%) 4 партиядан және 1 округте (1,4%) – 5 партиядан, – дейді Қаһарман Жақсылық.

НАУҚАН ҚЫЗЫП ТҮР

Біліктің шоқпарын беліне байламаққа ниетті жас пен жасамыс аталған додандан топ жармаққа құлық танытуда. Бүгінгі күні ең жас үміткердің жасы 25-ге болса, үлкені 62 жаста.

Қазіргі таңда 279 үміткер өз кандидатурасын ұсынған. Айта кетейік, түрлі себептер бойынша 23 үміткер алынып тасталды, оның ішінде 16-сы талаптарға сәйкес келмеді, 7-уі өз кандидатурасын алып тастау туралы өтініштері бойынша шығарылды.

Кандидат өз қаражатынан ЖАО шотына ай сайынғы есептік көрсеткішке сәйкес 42 500 теңге сайлау жарнасын енгізеді. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркелгенге дейін тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік кіріс органдарына активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынады. Сайлау алдындағы үгіт тіркеу аяқталған күннен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша сағат 00-де аяқталады. 14 шілде сағат 18.00-ден кейін басталып, 2021 жылғы 24 шілдеде сағат 00-де аяқталады.

Республикалық бюджеттен әрбір кандидатқа үгітке 220 000 теңге мөлшерінде қаржы бөлінеді. Бұл сома БАҚ-та жариялау, үгіт материалдарын шығару, көлік шығындары үшін жұмсалатын болады. Сондай-ақ сайлау науқанына қатысатын сайлау комиссиялары мүшелерінің 1143-і вакцинациялаудан өтті, вакцинациялауға жаптайыны – 241, жалпы пайызы 94,7, вакциналауға жататын мүшелер саны – 71 адам.

Дауыс беру күні сайлау учаскелерінде санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынымдарына сәйкес пысықталатын болады.

Сондай-ақ, сайлау өтетін күні сенім білдірілген адамдар, байқаушылар мен БАҚ өкілдері вакциналау паспортты немесе тапсырған күнінен бастап 3 тәуліктен аспайтын уақыт өткен ПТР әдісімен COVID-19-ға тестің теріс нәтижесін учаскелік сайлау комиссиясына көрсетеді. Жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда сайлау учаскесіне жіберіліп отырмай болады.

Алуа ҚОЖАХМЕТ,

«Jetisy media» ақпараттық қызметінің маманы

ВАКЦИНАДАН БАС ТАРТУШЫЛАР САНЫН АЗАЙТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?



Белгібай ШАХМЕТОВ, медицина ғылымының докторы, профессор:

– Шыны керек жұмысынан айырылатынынан қорқып, халық арасында үрей тіпті көбейіп кетті. Негізгі жұмыс берушінің вакцинациядан бас тартуына байланысты қызметкерді жұмыстан шығаруға құқығы жоқ. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шанкенов те коронавирусқа қарсы вакцина салдырудан бас тартқаны үшін қазақстандықтарды жұмыстан босату немесе жұмыстан шеттету болмайтынын жеткізді. Сондықтан олай жұмыстан шеттетілмейсіздер деп, бірақ індет жұққан жағдайда оның әсері бойда жеңіл жүруіне екпе ықпал ететінін халыққа түсіндіру керек. Қазір халық екпе міндеттелмейді дегені қайда деп даурығып жүр. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 77-бабына сәйкес, кез келген медициналық рәсім, оның ішінде вакцина да екпе алушының келісімі арқылы ғана жүргізіледі. Вакцинациядан бас тартқаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік заңнамада көзделмеген. Алайда денсаулық туралы кодекстің 104-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан аумағына инфекциялық және паразиттік ауру әкелінуі немесе елдің бүкіл аумағына таралу қаупі төнген жағдайда елдің бас санитар дәрігері шектеу шараларын, оның ішінде кәсіпкерлік және өзге де қызметке карантин енгізеді. Осыған орай қазір бас санитария дәрігерлердің нұсқаулығымен COVID-19-ға қарсы вакцина салдырмаған қызметкерлерін күндізгі режимде жұмыс істеуін шектеу, вакцина алмаған қызметкерлер үшін міндетті ПТР-сынама 7 күнде бір рет жүргізілу секілді шектеу шараларын жасауда. Бұл міндеттеу емес, қауіптің алдын алуға орай шектеу шараларын жасау арқылы қауіптің алдын алу деп түсінуіміз керек.

Меніңше түсіндіру шараларының жеткіліксіздігі халықтың үрейленуіне ықпал етіп тұр. Сондықтан түсіндіру шараларын күшейту керек. Қазір екпеден негізсіз қорқып, салдырмай отырған, немесе анықтама сатып алуға тырысып, дәрігермен келісіп, екпені өтірік алып отырғандар өте көп. Солармен жұмысты күшейтуіміз қажет.

Мырзабек БЕКБЕРДІ, заңгер:



– Қазір COVID-19-ға қарсы вакцина алмаған қызметкерді қашықтан жұмыс істеу форматына ауыстыру, қашықтан жұмыс істеуден бас тартқан не жұмысты қашықтан орындау мүмкіндігі болмаған кезде Еңбек кодексінің 48-бабы 1-тармағына сәйкес жалақысын сақтамай шеттету шаралары жасалуда. Осыны жұмыстан кетіру деп түсініп жүргендер көп. Күзден бастап мектептерді офлайн режиммен жұмыс істету мәселесі көтерілді. Басқа мекемелер де тезірек іске қосылсын десек екпе алу керек. Мемлекет беруші уақытша болмаған қызметкер міндеттерін орындау үшін басқа қызметкерді қабылдауға құқылы. Осыдан кейін жұмысынан айырылып қалып жатса өзінің кінәлау орынсыз. Ал екпе алмағандықтан індет жұқтырып алып, басын қатерге тігіп жатса тіпті өкінішті болмақ. Сондықтан қалыпты өмір сүру жағдайына тезірек жеткіміз келсе екпе алуымыз керек.

Мемлекет басшысының өзі екпе алынып, бірақ асыра сілтеу болмасын деп тапсырды ғой. Осы тәртіппен жаппай егілсек бәрі өз орнында болар еді. Бізде халықтың бәрін бірдей қауесетке сеніп, екпеден қашып түрлі алаяқтыққа баруы жағдайды ушықтырып тұр. Сондықтан екпеге, ПТР тестке қатысты алаяқтықтың жазасын күшейтпесек індетке де ие бола алмаймыз.

Сауланаман дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

ОЙТАЛҚЫ

САРАП

БАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН НАҚТЫЛАЙТЫН БАЗА ҚАЖЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі қылмыстық заңнамада судьялардың конституциялық мәртебесімен айқындалатын ар-намысы мен абыройын қорғауға аса мән берілмеген. Мысалы, Бельгияның Қылмыстық кодексінде «Министрлерге, билік өкілдерімен заң шығарушы палата мүшелеріне, Қарулы Күштер өкілдеріне қатысты мазақ ету мен күш қолдану туралы» арнайы тарау бар. Ал, Молдованың Қылмыстық кодексінде аталған тұлғаларды мазақ еткені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. ҚР Қылмыстық кодексінің 297-бабының 1-бөлімінде зардан шегушінің жеке басына тұрпайы түрде теріс баға беріп, оның ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіретін жалпылама іс-әрекет жиынтығы қарастырылған.

Бізге даулы жағдайларда судьяны процесс қатысушыларымен жеке қалдырады. Сондықтан, Ресей тәжірибесін ескеріп, «Қазақстан Республикасындағы соттардың қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету

туралы» заңы қабылдануы керек. Онда соттардың сайттарына ақпараттарды орналастыру, ақпаратты ұсынудың түрлері, оны пайдаланушылардың құқықтары, БАҚ өкілдерінің сот отырыстарына қатысу тәртібі, қоғамдық бақылау мақсатында сот актілерінің мәтіндерін интернет желілерінде орналастыру ерекшеліктері айқын көрсетілуі тиіс. Бұған қоса, ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды іс жүзінде қолдану тәжірибесі туралы» нормативті қаулысын жасау керек.

Ресейде Судьялар Кеңесінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы №79 қаулысымен Судьялардың ар-намысы мен абыройын қорғауға байланысты сот органдары мен БАҚ-тар арасындағы даулы жағдайларды шешу туралы келісімдер бекітілген. Онда РФ Конституциясының 120-бабында бекітілген судьялар тәуелсіздігі принципінің жүзеге асыру сот билігі өкілдерін, олардың ар-намысы мен абыройын қорғаудың тиімді құқықтық тетіктерін қамтамасыз ету ұсынылған. Бізге де судьяларды

қорлау мен жала жабудан қорғаудың құқықтық тетіктері қажет.

Еліміздегі БАҚ өкілдері кез келген мәселеге біржақты ғана баға береді. Ал біржақтылық сырттағы біреулердің белгілі бір мақсатқа бағытталған ой-пікірімен ынталандырылған ангажирленген субъективтік ретінде болуы мүмкін. Ангажирлік, екіжүзділік – бүгінгі журналистиканың басты кеселі, сыбайластықтың бір түрі. Адал судья мен адал журналистің мақсаты ортақ – қоғамдық мүддені сақтау. Мысалы, Ұлыбританиядағы баспасөзге шағым бойынша ұлттық комиссияның мәліметінше, тапсырыспен жазылған материалдарды жариялауға байланысты түсірілген арыздар 0,3 пайызды құрайды.

Журналистің қолында сот ісі туралы нақты мәлімет неғұрлым көп болса, оның күмәнді ақпаратты қолдану мүмкіндігі де соғұрлым аз болады. Сот репортерлерінің Гильдия Декларациясының 9-тармағына сәйкес, «сот барысы туралы ешқандай дәлел-дәйексіз, екі тараптың позициясын көр-

сету үшін айыптаушы және қорғаушыға сөз бермей, пікір білдіруін» сотқа жасалған қысым деп есептеуге болады. Егер сот ісі туралы материал ол қаралар алдында алғашқы, апелляциялық және кассациялық инстанцияда жарияланса, бұл журналистің мақала арқылы сотқа қысым жасауының белгісі саналады.

Судьялардың өз пікірін еркін білдіру бойынша шектеулер Судья этикасы кодексінде белгіленген. Бұл шектеулер судья мәртебесіне қатысты мәселелерді халықаралық-құқықтық реттеулер арқылы келісілген. Мемлекеттік қызметкерлер үшін пікір бостандығы шектеулерінің шегін анықтайтын критерийлерді Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот (АЖЕС) жасап шығарған. Еуропа конвенциясының 10-бабында АЖЕС мемлекеттік қызметкер деген ұғымға судьялардың да кіретіні жазылған.

Біздің ойымызша, судьяның абыройының өзінен де, судьялар қоғамдастығының да мақсатымен үндесіп, сот пен азаматтардың арасында сыйластық

қарым-қатынас құруға негізделуі қажет. Сондықтан, жаңа технологияларды кеңінен пайдалана отырып, соның ішінде Youtube желісінде өз арналарын ашу туралы ұсыныстар енгізу қажет. БАҚ-тағы ең көп теріс қоғамдық пікір туғызған журналистердің сотқа қысым жасағаны, тапсырыспен жазылған жарияланымдар үшін жауапкершілікті кеңінен ашып жазу қажет. Қазіргі таңда «әділ сот төрелігін дауға айналдыру» мәселесі өзекті болып тұр. Яғни, сот билігінің беделін түсіріп, оған қатысты қоғамдық пікірді өзгерту, жөнсіз, негізсіз сын айтып, қоғамның әділ сот төрелігін жүзеге асыру процесіне деген сенімін жоюға бағытталған жарияланымдар БАҚ-тың жауапкершілігін анықтау қажеттілігін туғызып отыр. Сондай-ақ, азаматтар жасаған құқық бұзушылықтар туралы күмәнді ақпарат таратқаны, жарияланымдар арқылы сотқа қысым жасағаны, кейбір жеке-леген тұлғалардың мүдделерін қорғау мақсатында соттардың қызметі туралы теріс пікірдегі материалдарды жариялағаны үшін БАҚ-тар мен журналистер жауапкершілігін белгілейтін нормативтік-құқықтық база құру қажет.

Ғалия ОНЛАНБЕКОВА,
Бостандық аудандық сотының судьясы,
заң ғылымдарының докторы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КОЗҚАРАС

АТАУЫ БІР БОЛҒАНЫМЕН, САНАТЫ БАСҚА

Біздің елімізде бұған дейін сот жүйесі қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша сот ісін жүргізіп келсе, енді әкімшілік әділет жүйесі іске қосылды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) елдің дамуындағы маңызы зор. Қолданысқа енген кодекстің пайдасына көп адам көз тігіп, үміт күтіп отыр.

Себебі, бұған дейін әкімшілік органдарға барып, даулы мәселесін шеше алмай не жеңіліс тауып, қайраты қажыған жеке азаматтар мен бизнестің әкімшілік органдары аз емес болатын.

Ал бүгінде мемлекеттік органдар қызметкерлері осы бағытта білім мен тәжірибелерін жетілдіруде. Себебі, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы даулар жаңадан құрылған әкімшілік сотқа қарала бастады. Ендігі жерде осыған байланысты әкімшілік органдарда да айтулы өзгерістер орын алмақ.

Бұған дейін болған мамандандырылған әкімшілік соттардың атауы бұдан былай әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты болып өзгертілді.

Екі соттың атауы ұқсас болғанымен, қарайтын істер саны мүлдем бөлек.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің басшылыққа алып жұмыс жасайды.

Бұл сотта жеке тұлға мен заңды тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі немесе абайсызда жасаған әрекеті не әрекетсіздігі бойынша әкімшілік жауаптылық көзделген.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында лауазымды адамға қатысты іс қаралуы мүмкін, яғни лауазымды адам өз қызметтік міндеттерін тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік құқықбұзушылық жасаған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Мұндай мән-жай болмаған кезде әкімшілік құқық



бұзушылықтың жасалуына кінәлі лауазымды адам жалпы негіздер де жауаптылыққа тартылады.

Ал мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында мемлекеттік органға қатысты іс қаралады. Азаматтар сот арқылы даулау, мәжбүрлеу, іс-әрекетті жасау және тану туралы талап арыз келтіре алады. Сот шешімін орындаудың белгілі мерзімі көрсетіледі, егер осы мерзімде шешім орындалмаса, сот мемлекеттік органға және кез келген шенеунікке айыппұл салуы мүмкін. Сонымен бірге бұл дауларды қарау барысында тараптарға татуласу мүмкіндігі берілген.

Бұл сотта бір ерекшелігі – талап беруші дәлелдер келтірмейді. Керісінше дәлелдеу ауыртпалығы мемлекеттік органға жүктеледі. Егер меморган өз шешімінің заңды және негізді екенін дәлелдей алмаса, ол іс бойынша жеңіледі.

«Халық үніне құлақ асатын үкімет» тұжырымдамасымен әзірленген әкімшілік әділет құрылымы шын мәнінде қарапайым азаматтардың пайдасына қызмет етеді деп сенеміз.

Аида АТАШЕВА,
Ақтау қаласының Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

КОДЕКС

Еліміздің құқықтық тарихына тұңғыш рет әкімшілік әділет институты енгізілді. Осыған орай, жалпы заңдылыққа тоқталсақ, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдері мен оларды жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Әкімшілік рәсімдердің міндеті жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асырып, жария-құқықтық даулардағы теңгерімділікті қамтамасыз етеді. Ал әкімшілік сот ісін жүргізудің міндетіне – жария-құқықтық қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, т.б. тиімді түрде қорғау мақсатында істерді әділ, бейтарап, уақытылы шешу кіреді.

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу заңдылық, әділдік, құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау, мөлшерлестік, әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері, құқықтар басымдығының қағидаты, сенім құқығын қорғау, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу, анықтық презумпциясы, соттың белсенді рөлі, сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі, сот актілерінің міндеттілігі қағидаттарымен нақтыланған. Мысалы, заңдылық қағидатына сай, аталған рәсімдер Конституция мен құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады. Әділдік қағидатына келсек, заңда немесе дау тараптарының келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешетіні көзделсе, сот оларды әділдік пен ақылға қонымдылық өлшемшарттарын негізге алып шешеді. 9-бапқа орай, әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін осы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы. Мемлекеттік органдар да өз құзыреті шегінде сотқа талап қоя алады. Прокурорлар да өздеріне жүктелген міндеттер шеңберінде сотқа талап қою құқығына ие. Дауды сотқа дейін реттеу тәртібі заңмен белгіленсе, осы тәртіп сақталғаннан кейін сотқа жолданым беруге болады. Ешкімнің де өз келісімінсіз заңда көзделген соттылығын өзгерту болмайды.

Әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды ел заңдарында белгіленген шектерде жүзеге асырады. Әкімшілік қалау пропорционалдық принципіне сәйкес келуі керек. Құқықтар басымдығының қағидатына орай, «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы» заңнамасындағы барлық күмәндер, қайшылықтар әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі. Әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік органың, лауазымды адамның қызметіне сенімі заңмен қорғалады. Әкімшілік орган жіберген қате адамға зиян келтіре алмайды. Формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу қағидаты әкімшілік ор-

ганға қосымша формальды талаптарды, оның ішінде нормативтік құқықтық актілерді көзделмеген ұйымшilik ережелерді қанағаттандыру мақсатында ғана адамдарға міндеттер жүктеуге немесе оларға қандай да бір құқық беруден бас тартуға тыйым салынатынын білдіреді. Әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған материалдар, объектілер, құжаттар мен мәліметтер әкімшілік орган, лауазымды адам теріс деп белгілемейінше, анық деп есептеледі. Анықтық презумпциясы қағидатының ерекшелігі материалдардың, құжаттар мен мәліметтердің түпнұсқалығына күмән болған кезде әкімшілік орган, лауазымды адам оларды өздері дербес тексеруге міндетті.

Әкімшілік сот ісін жүргізуде соттар белсенді рөлге ие. Сот әкімшілік процеске қатысушылар ұсынған материалдармен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызды бар барлық нақты мән-жайларды жан-жақты зерттейді. Судья әкімшілік істің заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала пікірін айтуға құқылы. Жекелеген процестік әрекеттерді жүргізуді қоса алғанда, әкімшілік сот ісін жүргізу ақылға қонымды мерзімде жүзеге асырылады. Заңды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ, соттар мен судьялардың сот төрелігін іске асыру кезіндегі өкілдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары, сұрау салулары мен басқа да жолданымдары барлық мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, жеке тұлғалар үшін міндетті және республиканың бүкіл аумағында орындалуға жатады.

Әкімшілік рәсімдік процестік кодекстің қабылдануы мемлекет және қоғам арасындағы қатынастардың жаңа сатысына, заңның үстемдігін қамтамасыз етуде қолайлы әсер етуімен маңызды. Ел игілігіне бағытталған жаңа заңның қарапайым халық үшін берері мол.

Серік МАХАМБЕТОВ,
Меркі аудандық сотының төрағасы
Жамбыл облысы

МІНДЕТ

ХАЛЫҚ СЕНІМІ БӘРІНЕН БИІК

Мемлекеттік қызметші биліктің айнасы секілді. Оның ар-ожданы биік, әділетті, талантты ұйымдастырушылық қабілеті бар екендігі мемлекеттік қызметте үлкен рөл ойнайды.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта қоғамға жат міндет-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға, қарапайым болуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, адал, әділ болуға міндетті. Сонымен қатар, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға, өз тарапынан қоғамдағы адамгершілікке, тәртіпке және қауіпсіздікке қолсұғушылыққа әкелетін заңнама талаптарын бұзуға және басқа азаматтарға құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттерді жасауға жол бермеуге тиіс.

Қоғамдық пікірді есепке ала отырып, өз-өзіне жоғары талап қоя білу



мемлекеттік қызметшінің өзін-өзі ұдайы жетілдіруі ғана емес, өзгелерден сондай жетілуді талап ету болып табылады. Талап қоя білу мен сұрай білу де – мемлекеттік қызметшінің кәсіптік имиджінің моральдық кодексінің талаптарының бірі. Талап ету – сенім білдірумен, сыйлаумен сабақтасып жатуы қажет. Мемлекеттік қызметшіге қажет бір қасиет – тыңдай білу. Тыңдай білу сөйлеушінің сөзін бөлей мақұлдау ғана емес, оның ойына, сезіміне ортақтасу. Сөйлеп отырған адамға тыңдаушының бет құбылысы: бейтарап отыру ма, жалығып кетті ме, әлде қызығып, көмектесуге дайындалуда

ма бәрі әсер етеді. Қызметшінің жеке бас проблемасы әңгімелесушінікіне қарағанда анағұрлым күрделі, қиын мәселе болса да, ол тыңдаушы ретінде өз проблемасын естен шығара тұруы тиіс. Моральдық сапа қасиеттерінің ішіндегі ең шынайысы – мемлекеттік қызметшінің өз беделі.

Мемлекеттік қызметші жақсы сөйлей білуі тиіс. Ол үшін әдеби кітаптар оқып, өлеңдер мен көркемсөздер жаттау арқылы жақсы сөз тіркестерін үнемі жаттықтырып отыруы тиіс. Тап-таза, өзіне сенімді, сыпайы, көзге ұрып тұратын артық жылтырақсыз киінген, әдемі сөйлей алатын, тыңдай білетін, жауапкершілігі мол қызметкер сенімге тез ие болады.

Халық сенімі мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметті қаншалықты сапалы көрсеткендігіне қарап нығаяды. Сондықтан, әрбір мемлекеттік қызметші өз орнында халықтың мүддесіне қызмет етіп, этика шеңберінен аспауы тиіс.

Ақнұр ҚАЙРОЛЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы

МӘСЕЛЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Билік қатты тұрмыстық қалдықтарды полигонға апаруға тыйым салып, сұрыпталмаған қоқысты алып шыққан көлікті полигонға жібермеудің жолын көрді. Үй қалдықтарына арналған екі түрлі контейнер қазір бүкіл аудаларда орналастырылды. Сары түсті контейнер әйнек, пластик және қағазды салуға, екіншісі азық-түлік қалдықтарына арналған еді. Бірақ, сары контейнер бос тұрса да жұрттың жаппай жасыл түсті коқыс

қалдықтарды жағатын болсақ, бұл қоқысты қайта өңдеу ісінің дамымай қалуына әкеп соғады. «Қоқысты өртейтін зауыттың Жылу электр станциясынан айтарлықтай айырмасы жоқ. Мұнда тек көмір мен газдың орнына қарапайым тұрмыс қалдығын қолданады. Биліктегілер бізге мұндай зауытта сағылы тазалау жүйесі қарастырылғанын және айналаға тек таза түтін шығатынын айтып, уәде беріп отыр. Бірақ теория үнемі шындыққа жанаспа бермейтінін ұмытпауымыз керек. «Теория тұрғысынан қауіпсіз

орындарды іздей бастадық. Басында жолдасым батарея мен шамдарды арнайы жерлерге өткізіп жүретін. Қазір үйімізде үш коқыс жәшігі бар. Қағазды бөлек, пластик қалдықтарын жеке, азық-түлік қалдығын басқа жәшікке тастаймыз. Балалар да сол тәртіпке үйренді. Жиналып болғанда аптасына, не болмаса екі аптада бір рет коқыс қабылдайтын жерге барып өткіземіз. Азық-түлік сатып алуға барғанда да көп реттік пайдалануға жарамды пакеттерді қолданамыз. Одан кейін үйден сыртқа шыққанда

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ҚОҚЫС ЖИНАУДАН БАСТАЛАДЫ

жәшігіне құрылыс материалдарын, ағаш қалдықтары мен қағаз қораптарын салып жатқанын көруге болады.

Оның үстіне Eco-friendly белсенділері қайта өңделетін шикізатты жинау, сұрыптау және қайта өңдеу арқылы Қазақстандағы қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесін шешу қиын екенін айтады. Ол үшін қайта өңдеу қолға алған кәсіпкерлерге тарифті өсіріп, пайыздық мөлшерлемені азайту қажет екендігін алға тартады.

Paketamnet жобасы мен эколог авторы Михаил Беляков халық арасында сұрыпталған қалдықтарды қабылдайтын орын туралы құлағдар ету керек екенін айтады. Өйткені, қазір коқыс өткізіп, ақша табуға болатынын білетіндер аз. Тіпті қазір Еcosity пайдалы мобильді қосымша арқылы адамдар қайта өңделетін шикізат пен қауіпті қалдықтарды қабылдайтын орындар туралы мәліметпен танысуға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, экобелсенді пластик пакеттерді көбейту үшін азық-түлікке арналған қап тігуді де қолына алған. «Отбасымызбен азық-түлікке барғанда экологияға зияны бар пакетпен емес, өз қабымызбен барамыз. Өзіміздің осы оңтайлы әдісімізді өзгелерге көрсетіп, үлгі ете бастадық. Әлеуметтік желі арқылы біздің өнімге қызығушылық танытып сатып алатындар да бар. Алайда табысымыздан шығынымыз көп екен», – дейді Михаил Беляков.

Енді бір белсенділер коқыс мәдениетін меңгермеген тұрғындарға тиісті заңнама ғана көмектесе алатынын тілге тиек етеді. Қалдықтарды сұрыптаусыз бір контейнерге лақтыруға қатаң тыйым салынғаны туралы жазылып қойылса дейді. «Оған қоса заңның орындалуы қадағаланып тұрғаны дұрыс», – дейді Светлана Спатарь.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 6 қалада коқыс өртейтін зауыт салуды бастамақ. Пилоттық жобаны қолға алушылар Waste to energy технологиясы енгізіліп, коқысты өртеу арқылы электр энергиясы өндірілетінін айтады. Алынған энергия жалпы электр желісіне сатылады.

Алайда, экологтар мен экобелсенділер коқыс өртейтін зауыттардың салынуына қарсы шығып, петицияға қол қоя бастады. Әлеуметтік желіде жариялаған бейнежазбада коқысты өртеудің пайдасынан зияны көп екенін жеткізген. Айтуларына, елімізде тұрмыс қалдығын сұрыптау жүйесі қалыптаспай тұрған кезде

жоба іс жүзінде ауаны диоксин, фуран және тағы басқа ауыр металдармен ластанды», – дейді олар.

Журналист әрі экобелсенді Гүлнұр Қуанышбекқызы әлеуметтік желілерде адамдарға коқыс мәдениетін әркім өзінен бастап, қоршаған ортаның ластанбауына азаматтық үлес қосуға шақырып жүрген жандардың бірі. Қоқыс сорттап жүргендеріне бес жылдан асқан Гүлнұр мен жолдасы алғашында барған жерлерінде көзге көрінген қоқысты жинап жүруді



әдеттеріне айналдырыпты. «Табиғат аясына шыққан кезде бүкіл коқысты жинап алып, соңымызды тазалап бір-ақ кетеміз. Жолдасым да, өзім де саябақтар мен демалыс орындарында коқыстарын жинамай, шашып кеткендерге қатты ашуланатын едік. Олардың да коқыстарын өзіміздікімен қосып жинап алатынын біреу біреуі аламызға коқыс сұрыптайтын екі түрлі контейнер орнатылды. Отбасымызбен қуандық десек болады. Қағаз бен пластиктерді бөлек, азық-түлік қалдықтарын басқа пакетке жинай бастадық. Өзімізше контейнерлерге іріктеп салып жүрсек, басқа адамдар бүкіл коқысты бір жәшікке төге бермеді екен. Сол ауладағы адамдарға өз білгенімізше түсіндіріп, коқысты бөліп тастау керектігін айтқанымызбен, ешкім елең қылған жоқ. «Ешкім тексеріп жатқан жоқ» деген секілді әңгімелер айтты. Бұл ісімізден түк шықпайтынын білгеннен кейін сұрыпталған қалдықтарды өткізетін

да шыны бөтелкелерге өзімізбен бірге су мен кампотымызды құйып алып жүреміз. Қарапайым ғана кофе ішуге барғанда бір реттік ыдыстың орнына өзімізбен бірге алып жүретін кофе ішуге арналған күршікемізді көтеріп аламыз. Бізге де басқалар секілді жауапсыз болуға болатын еді, бірақ қоршаған ортаның алдындағы жауапкершілік олай істеуге жібермейді. Қазір кітаптың өзін электрондық нұсқада оқытын болдым», – дейді Гүлнұр Қуанышбекқызы.

Эколог Ернар Кейкин коқыс төгу мәдениетін қалыптастыру үшін билік тарапынан жүйелі түрде қолға алынған істі көрмей тұрғанын жеткізді. Қазіргі кезде коқыстың 15 пайызын ғана қайта өңдейтін елімізде 85 пайыз тұрмыстық қалдық полигондарға төгіледі. Айтуынша, коқысты сорттап салып, қайтадан тапсыратын арнайы орындарды жүйелі түрде ұйымдастырмау халықтың коқыс төгу мәдениетінің қалыптасуына себебін тигізеді. «Мысалы, өзім тұратын Қарағанды қаласында түрлі-түсті сорттап салуға арналған контейнерлерді көре қойған жоқпын. Ондай жәшіктер жалпы халыққа салынбаған. Қазір полигон аймақтарында үлкен зауыттар салу мәселесі қарастырылып жатыр. Ол жерде қалдықтар қайта кәдеге жарамайды. Бірақ жоқтан жоғары, коқысты өртеп электр энергиясын алуды көздеп отыр. Халықтың коқыс төгу түсінігін жақсарту үшін жауапты салалар жүйелі жұмыс істеу керек», – дейді Ернар Кейкин.

Бүгінде елдегі үйіліп қалған полигондар мен заңсыз коқыс алаңдары көп. Тіпті, Қазақстандағы тау болып үйілген коқысты ғарыштан көруге болады. Қазір рұқсат берілген 3 жарым мың коқыс алаңдары 32 мың гектар жерді алып жатыр. Оған күн сайын бірнеше тонна тұрмыстық қалдықтар қосылады. Көп қабатты үйлердің аулаларындағы коқыс жәшіктері түс аумағы толып қалатынын ескерсек, арнайы полигондардағы бірнеше гектар коқыс алаңы қоршаған ортаға орасан зиян. Бірақ сол ортада өмір сүретінімізді біле тұра коқыс төгу мәдениетінің қалыптаспай отырғанын жүректі ауыртады. Бұл ұрпақ алдындағы жауапсыздық па, әлде бүгінмен ғана өмір сүретіндерге міндетті түрде айыппұл салып, коқысты қажетті контейнерге салдыру үшін де заң алдында жауап бергізу керек пе?

Жадыра МҮСІЛІМ

ДЕМОГРАФИЯ

ҰЛТТЫҚ САНАҚТАН ҮМІТ КӨП



Дайындық жұмысы ерте басталғанымен, 3 жыл бойы кейінге шегеріліп келген III Ұлттық халық санағының Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келуі кейбіреулер үшін жай ғана кездейсоқтық болып көрінуі мүмкін. Алайда бұл тарих үшін ғана емес, коронавирус індетінің таралуына байланысты орын алған әлемдік дағдарыс уақытындағы және одан кейінгі дамудың жаңа кезеңі үшін барымызды бағалап, жоғымызды түгендеу үшін де маңызды. Сондықтан да ол атынан да көрініп тұрғандай, «Қазақстанда әркім маңызды!» деген ұранмен 1 қыркүйектен 30 қазанға дейінгі аралықта жүргізіледі. Оның маңыздылығы ескере отырып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 10 шілдедегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде: «Биыл күзде елімізде үшінші Ұлттық халық санағы өтеді. Бұл санақ індетке байланысты күрделі кезеңде өтетін болды. Сондықтан Үкіметке, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, ұлттық санақты белгіленген мерзімде сапалы жүргізуді тапсырамын. Бұл ретте санақ жүргізетін қызметкерлердің бәрі вакцина алып, қажетті қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс» деген болатын.

Еліміздегі ұлттық санақтарды жүргізу тәртібі мен мерзімдері қағидалары 2010 жылғы 19 наурыздағы «Мемлекеттік статистика туралы», 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» ҚР заңдарына сәйкес әзірленген болатын. Ұлттық санақтар халық санағы мен ауыл шаруашылығы санағын қамтиды. Ауыл шаруашылығы санағы 10 жылда 1 реттен кем емес, ал халық санағы әлемдік санақтардың кезекті раундына орайластырылған мерзімдерде жүргізіледі. Ұлттық санақты жүргізу кезінде алынған алғашқы статистикалық деректер ұлттық санақтың қорытындысы ресми жарияланған сәттен бастап кемінде 1 жыл қағаз жеткізгіштерде сақталады. Алғашқы статистикалық деректері бар электрондық жеткізгіштер кемінде 50 жыл сақталады. Ұлттық санақтардың қорытындылары электрондық және қағаз жеткізгіштерде ресми жариялануға тиіс.

Ұлттық санаққа дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдерді қамтиды. Дайындық кезеңі 2 жыл ішінде жүзеге асырылады. Дайындық кезеңінде уәкілетті орган мынадай іс-шараларды іске асырады: ұлттық санақты жүргізу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу; пилоттық санақты жүргізу тәртібін, санақ парақтарын, ұлттық санақты жүргізу жөніндегі әдіснамалық құралдарды әзірлеу және бекіту; сондай-ақ мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл туралы бірлескен актілерді әзірлеу және бекіту; ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамыту, ұлттық санақты жүргізуге арналған оқыту бағдарламаларын дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; сондай-ақ санақ персоналына арналған оқыту семинарларын өткізуді ұйымдастыру; тиісті мемлекеттік органдармен, комиссиялармен, санақ персоналымен бірлесіп халық арасында ұлттық санақты жүргізудің мақсаты мен тәртібі туралы жаппай түсіндіру жұмыстарын жүргізу; санақ персоналын іріктеу және Қазақстан заңнамасына сәйкес олармен ұлттық санаққа қатысуға шарттар жасау; ұлттық санақтарды жүргізу кезінде Қазақстанның бюджет заңнамасына сәйкес өтеулі қызметтер көрсету шарты бойынша интервьюерлер санын және олардың көрсетілетін қызметтерінің құнын есептеуді бекіту; ұлттық санақтарды жүргізу кезінде адамдарды интервьюерлер ретінде тарту тәртібін айқындау.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, бұл санақты өткізу үшін техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келетін 27412 планшет пен оның қаламдары, қорғаныш тысқақ, қорғаныш шынысы және Power bank алынған. Мәселен, Алматыда 48 нұсқаушылық пен 618 тіркеу учаскесі, Шымкентте 29 нұсқаушылық пен 198 тіркеу учаскелері құрылды. Алдын ала алынған мәлімет бойынша санақ қызметкерлері аралауы керек тұрғындар сұрауы мүмкін тұрғын және тұрғын емес орынжайлар саны Алматыда – 401 168, Шымкентте – 223 308.

Жалпы, 2021 жылғы Ұлттық санақты жүргізуге 32 мыңнан астам адам тартылмақ. Оның маусым айындағы бірінші кезеңіне 5 мыңнан аса интервьюер жұмылдырылды. Олар тұрғын және тұрғын емес орынжайларды аралап, олардың тізімін және тұрақты тұратын тұрғындардың санын нақтылады. Енді Ұлттық санақтың негізгі кезеңі 1 қыркүйектен 30 қазанға дейінгі аралықта өтеді. Оған онлайн режимінде де, дәстүрлі тәсілмен де қатысуға болады. Егер 2009 жылғы санақ 73 сұрақ аясында жүргізілген болса, бұл жолы санақ парақтарына 67 негізгі және оған қосымша 20 нақтылаушы сұрақтар кірістірілген. Сұрақтардың аясын кеңейтуге еуропалық санақшылардың 2020 жылғы тұрғын үй қорын және тұрғындар санағын жүргізу жөніндегі ұсыныстары мен ТМД Мемлекетаралық статистикалық комитеттің әдістемелік материалдары негіз болды. Сондай-ақ, БҰҰ-ның мүгедектік статистикасы жөніндегі Вашингтон тобымен ұсынылған жаңа сұрақтар қосылды, мұнда мүгедектік критерийлерін ескеріп, денсаулық сақтау статистикасы аясында халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ету көзделген. Одан бөлек қош-қон, еңбекпен қамту, неке жағдайы, бала туу және тіл білуі бойынша сұрақтар аясы да кеңейтіліп отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МҰНЫ АЙТПАСҚА БОЛА МА?

Қоғамдық ұйымдар – халық өкілдері немесе қоғамдастықтың түрлі категорияларының өкілдерінен тұрады. Шын мәнінде, бұл өз ұстанымын білдіретін, өз бастамаларын көрсететін халық өкілі.

Мемлекеттің халықпен арадағы байланысы да осылай жүзеге асады. Оның елді дамыту үшін толғақты проблемаларды шешуде маңызы зор. Бұл тұрғыда қоғамдық шығармашылық ұйымдардың ерекше рөл атқаратынын атап өткім келеді. Суретшілер одағы – Қазақстандағы алғашқы қоғамдық шығармашылық ұйым. Таяуда оған 90 жыл толады. Шығармашылық одақтар Қазақстандағы шығармашылықтың жаңа түрлерінің дамуына тұғырнама болды. Суретшілер одағы өндіріс базасын дамыта отырып, іс жүзінде жоспарлы экономикадағы алғашқы нарықтық құрылымға айналып, өзін-өзі қаржыландыруға көшті. Шындығында, бізде қазіргі таңда не

бар: көркемдік білім, жалпы білімнің өзі төмендеді. Білікті мамандар жетіспейді, бұның жан сыздатар проблема екені бәріне аян. Сын жоқ, сараптау жоқ. Суретшілер одағы қаржыландыру көздерінен айырылды, көбісі өз мамандығын тастап кетті, кейбірі кездейсоқ табыспен нәпақа тауып жүр.

Көркемдік деңгейі күрт төмендеді. Қандай ескерткіштердің қойылып жатқанын және көптеген қоғамдық кеңістіктерде қандай сапалы өнер туындылары бар екенін қараңыздар. Алдыңғы буын суретшілерінің жұмыстарын жеке коллекциялар сатып алған, ал музейлерде 1990–2000 жылдардағы Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихы толықтай күйреді. Жаксы жұмыстар тын-тебегне шетел асып кетті. Өмір бойы шығармашылықпен айналысып, шеберханаларда жылдар бойы

сұраусыз тұрған керемет туындылар жасаған суретшілер еш жерде жұмыс істемегендей, ең төменгі зейнетақы алады. Біз мемлекет өкілдеріне мынадай сұрақтарды жиі қоямыз: елімізге суретшілер керек пе? Егер керек болмаса, Шүргенов атындағы академия мен Абай атындағы университет те және тағы басқа оқу орындарында суретшілерді оқытуды тоқтатқандарыңыз дұрыс деп ойлаймыз. Оның үстіне, олар қажетті талапқа жауап бере алмайтын, дұрыс жолға қойылмаған бағдарламалардың кесірінен лайықты білім ала алмайды.

Жеке және ұжымдық өзін-өзі сәйкестендіруге негізделген ұлттық жаңа бейнесі уақыт талаптарына сәйкес қалыптаса алмайды, терең білім-ғылымсыз, терең мәдени тәрбиесіз оның сын-тезіне жауап бере алмайды. Бүгінгі таңда мемлекет қоғамдық сананың

маңызды рухани-гуманитарлық тәрбиесінің бұрынғыдан да маңызды екенін ескерді. Бүгінгі күні ақша – жала жабу, өтірік айту және т.б. жеке өмір сүру принципіне айналған кезде адами қасиеттерді балалар мен жастардың бойына қалай сіңіруге болады? Бұл – қоғамдағы үлкен проблема, ал өмір мен уақыттың осы сын-тегеуріндеріне қарсы тұратын дәл осы мәдениет, өнер қайраткерлері ғой.

Мәдениетке ерекше көңіл бөлу керек. Бұл мәселе Президенттің немесе Премьер-министрдің деңгейінде бірде-бір рет талқыланған емес. Бұл осыған көмектесе алады деген соңғы инстанция болар, бәлкім. Нарықтық қатынастарға кірмей қалған мәдениет қайраткерлері – суретшілердің, жазушылардың жиналып қалған сұрақтары көп. Оларды нақты шешу үшін мемлекеттік

құзырлы тұлғалар мен Суретшілер одағының өкілдерінің кездесулері қажет. Мәселен, ҚР Суретшілер одағының ұсыныстары: 1) Жетекші суретшілердің шеберханалары бар Мемлекеттік өнер академиясын ашу; 2) Өнер түрлері бойынша «Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихы» монографиялық көп томдық басылым шығару; 3) «Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері» атты суретті альбомдар шығару; 4) Алматы қаласында Мемлекеттік көрме залын салу туралы мәселені қарастыру; 5) Шығармашылық одақтың «Елдің жаңа бейнесі» атты кешенді әлеуметтік-мәдени жобасын әзірлеу және іске асыру.

Өмірбек ЖҰБАНЯЗОВ,
ҚР Суретшілер одағының
төрағасы, ҚР еңбек сіңірген
қайраткері

ТҮЙТКІЛ

«АСЫРА СІЛТЕУ БОЛМАСЫН»

Өткен аптада ел ішіндегі вакцинациялау барысына қатысты көзқарасын білдірген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Турасын айтсақ, бұл – әркімнің өз отандастары алдындағы міндеті, парызы. Сондай-ақ, мынандай екі мәселеге тоқталғым келеді. Біріншіден, міндетті екпе салу кезінде асыра сілтеу болмауға тиіс. Медициналық себептерге және белгілі бір жағдайларға байланысты екпе салдырмайтын адамдар бар. Мемлекеттік органдар, әсіресе, мониторинг жүргізу топтары осы мәселені ескеруі керек» деген болатын.

Қандай санаттар екпе алудан босатылатыны да ашық айтылды. Алайда ел ішіндегі жағдайларға қарап қайсысының «асыра сілтеуі» немесе «алдын алу» қай жағдайдың «жұмыстан босатылатынымен» қорқыту немесе «қауіпсіздігін қамтамасыз ету» екенін бағамдау қиын болып барады.

Редакциямызға Ақтөбе облысы Сазды ауылының тұрғыны, 1 топ мүгедегі Бейсенова Айманнан арыз түсті. «Бала кезден 1 топ мүгедегімін. Өмірлік мүгедектік тағайындалған. Арбаға таңылсам да, жергілікті жердегі Халыққа қызмет көрсету орталығында жұмыс істеймін. Мүгедектікке қоса созылмалы ауруларым да бар. Бронхитпен, екі бүйрегім созылмалы пиелонефритке шалдыққан. Үш ай, кейде алты ай сайын осы созылмалы ауруларымның маусымдық асқинуының алдын алу үшін тұрақты ем алып

отырамын. Осы қыста бірнеше ай бойы емделдім. Антибиотикке аллергиям да бар. Осыған орай жергілікті тіркелген емханамдағы медбикеден екпеден босату туралы анықтама «методвод» сұрасам, «емхана менгерушісінің рұқсатынсыз бере алмаймын» дейді. Емхана менгерушісіне барсам, «екпеден босатылуға «методвод» бермеймін, қазір жағдайыңыз жақсы, ешқандай қарсы көрсетілім көріп тұрғаным жоқ» дейді. Ал айналада өзім секілді мүгедектердің кейбірінің екпе алғаннан соң жағдайының нашарлағанын көріп отырып, басымды бәйгеге тіге алмай отырмын. Онкологиямен ауыратын бір таныс мүгедек кісі екпеден соң сал болып қалды. ДЦП-мен ауыратын бір мүгедектің «судорогасы» тіпті қозып кетті. Соның бәрін көрген соң қорқынышым тіпті үдеп кетті. Енді апта сайын ПТР тест тапсырып оты-

рам десем, біздің санатқа тегін ПТР тест тапсыру қарастырылмапты. Тек апта сайын өзімнің қалтама салмақ түсіруім керек екен. Жұмыс беруші төлеген жағдайда айналаммен ешкіммен араласпауым, қарым-қатынас жасамауым керек деген шарты бар екен. Қысқасы сандалып жүргеніме бірнеше ай болды. Не істеймін? Мүгедектер қауымдастығы атынан «методвод» беру құзыреті біздің аймағымызда әлі іске қосылмапты. Бірге жұмыс істейтін мүгедектердің барлығына тіркелген жергілікті емханалары «методвод» беріпті. Тек мен ғана осылай сандалып жүрмін. Алдында терапевт дәрігермен сөзге келіп қалып ем, содан соң осындай бірбеткейлікке барып, мені методводтан қағып әдейі істеп отыр. Тіпті қасымдағы 2-3 топ мүгедектеріне дейін методвод алып, екпеден босатылған. Мен ғана тіркелген емханамның кесірінен осылай жүрмін» дейді.

Мәселенің анық-қанығын білу үшін Айман тіркелген Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Сазды ауылының «Медина» ЖШС қарасты емхана менгерушісі Гүлнәр Бақтыгерейқызына хабарластық. «Ол кісі методвод сұрады бірден. Мен тексермей оны бірден бере алмаймын. Бүйрегім ауырады, бронхым бар, созылмалы ауруларым көп дейді. Бірақ екпе салуға болмайтынын дәлелдеу

үшін сол созылмалы ауруларын дәлелдеуіміз керек. Соңғы шыққан №30 қаулы бойынша «созылмалы аурулардың асқынған уақытында ғана екпе алуға болмайды» деп көрсетілген. Керісінше, біз созылмалы ауруы барларды вирустан қорғау үшін салуымыз керек. Біз кеше ол келіншектің денсаулығын бақылап тексеруге алдық. Қан алдық, барлық анализдерінің нәтижесі дайын болған соң, шешім шығарамыз. Екі күннен соң нақты толық тексеріс бітеді. Жалпы, ол адаммен жеке бас араздығым жоқ. Дәрігерлік нұсқаулық бойынша әрекет етіп жатырмын. Халықтың бәрі «методвод» сұрайды. Олардың барлығына таратып отыра берсем не болады?» деді.

Екпеге қатысты сенімнен гөрі қорқынышы басым қоғамда өз қауіпсіздігі үшін екпе салдыру түсінігі кемшін түсіп жатқаны рас. Сондықтан мақала дайындау барысында басқа мамандардың да пікіріне құлақ түріп көрген едік.

Жұлдыз Дәулетқызы, Нұр-Сұлтан қалалық №15 емхананың салауатты өмір салты дәрігері:

– Екпеге қатысты дұрыс көзқарас қалыптаспауы салдарынан қазір негізсіз екпеге жарамсыздығы туралы анықтама (методвод) сұрау оқиғалары көп кездесуде. Біздің емханамызға

да қант диабеті, қан қысымы бар азаматтар да келіп анықтама сұрайды. Ешқандай қарсы көрсетілім болмаса, мүмкіндігінше екпені алғаны дұрыс. Бірнеше созылмалы ауруы бар адамдар қатерлі топқа жататындықтан, олар бірінші кезекте екпе алуы керек. Екпемен ағзада қорғаныш қабілетін қалыптастырмасақ, ертеңгі күні вирус жұқтырып алған жағдайда оларға өте ауыр тиюі мүмкін. Олардың бойында қазір созылмалы аурулар салдарынан асқинулар болмаса, екпені алып алғаны дұрыс. Өздері екпе алғысы келмегендіктен, түрлі себептермен, созылмалы ауруларын сылтаурататын адамдар өте көп. Қазір вирус мутацияға ұшырап жатыр. Демек қауіп де арта түседі. Сондықтан ауылдық, аудандық жердегі емханалардың барлығы мүмкіндігінше екпенің маңыздылығын түсіндіріп, созылмалы ауруы дәл қазір асқынып тұрмаған жағдайда мүмкіндігі шектеулі жандарды екпеге көндірсе дұрыс болар еді. Сондықтан ел ішінде екпенің маңыздылығына қатысты түсіндіру жұмыстары көбірек жүргізілуі керек. Рас, әр мүмкіндігі шектеулі жанның денсаулығына қатысты шешім мұқият зертелініп, медициналық қадағалау жұмыстары толығымен жүргізілген соң ғана жасалуы керек. Алдын ала тексеріп алмай, екпе салуға да болмайды, беталды «методвод» беруге де болмайды.

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

ТЕРГЕУ ИЗОЛЯТОРЫ

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ



Індет қаупі сейілмеген қазіргі кезде ЗК-169/1 тергеу изоляторында коронавирустық инфекцияға қарсы вакциналаудың екінші компоненті салынды. Вакцинаның бұл екінші бөлігі күдіктілерге, айыпталушылар мен сотталғандарға мекеменің медициналық бөлімінде жүргізілді. Осыған орай, № 6 қалалық емханадан дәрігер мамандар шақырылды.

Бұған дейін де, бұл сала мамандарымен осылай бірлесе түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, жұмыс жасауының негізінде бүгінгі күнге дейін екпе салынғандар арасында денсаулығына шағым жасағандар болмады.

Біздің мекемеде бүгінгі таңда қамаудағы 193 адамның 141-і «Спутник V» вакцинасын салдырса, 20-сы «Науат-Вах» вакцинасын қабылдады. Бұдан бөлек денсаулығына байланысты 6 ай мерзімге медициналық шегініс жасағандар бар. Сонымен қатар ұжымдық иммунитет қалыптасқанға дейін, маска тағу, қашықтықты сақтау, антисептиктерді қолдану сияқты алдын алу шаралары күнделікті қадағаланып отырылады, – деді мекеменің медицина бөлімінің фельдшері, әділет лейтенанты Н.Талғат

Коронавирустың жөтелгенде, түшкіргенде немесе осы инфекцияға шалдыққандарды ұстағанда жұғатынын ескеріп жүрген жөн. Иә, «қаперге алмаған қатерге ұрынар» деген, мен бұл індеттен сақтанудың ең қауіпсіз жолы, вакцина қабылдау деп біліп, «Спутник V» вакцинасының екінші бөлігін салғыздым, – дейді шаруашылық бөліміне қалдырылған сотталған азамат.

ПРОБАЦИЯ

ЕСЕПТЕГІ АЗАМАТТАР ЕКПЕ САЛДЫРДЫ

Қазалы аудандық жастар ресурстық орталығының мамандары аудандық пробация есебіндегі азаматтардың тұрғылықты мекенжайларын аралап, вакцинаның маңыздылығы мен вакцинаны егу әдістері және вакцинадан кейінгі күтім мен сақтық шаралары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Соның нәтижесінде, бүгін өз еркімен өтініш білдірген бірнеше пробация есебіндегі сотталғандар аудандық емханаға барып, «Науат-Вах» вакцинасын алды.

«Қазіргі таңда әлемді жайлаған індет күннен-күнге көбейіп жатыр, оны біз теледидардан да, газет-журналдардан да оқып естіп жатырмыз. Өзімнің, отбасымның амандығы үшін вакцина салдырдым. Ешкім мені міндеттеген емес. Бұл дертті таратпаудың жолы вакцина алу болса, оны алу керек деп есептеймін. Хал-жағдайым жақсы. Енді екінші вакцинаны 21 күннен кейін салдыртамын, – деді есептегі сотталған азамат.

«Пробация есебіндегі азаматтар да өз еріктерімен вакцина салдырып жатыр. Індетті жеңудің жалғыз жолы – вакцина. Бұл адамдардың арасында коронавирус инфекциясының әрі қарай таралып кетпеуіне септігін тигізеді. Мен де «Спутник V» вакцинасын алдым. Өйткені біз халықпен жұмыс жасайтын болғандықтан алуға тиіспіз», – деді аудандық пробация қызметінің бастығы Е.Сражатов.

Қызылорда облысы бойынша ҚАЗЖД



КИЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ОТБАСЫ, ОШАҚ ҚАСЫНАН ШЫҒУҒА ТИІС

Тіл – ұлттың ұлы игілігі, әрі оның ажырамас бөлігі. Еліміз егемендік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болғалы бері, тілді қолдану өрісі де кеңейді.

Мемлекеттік тіл мемлекеттік маңызды мәселе болғандықтан, ол азаматтық патриотизм, мәдени тұтастық сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Тіл білу халықты, оның тарихын, тұрмысы мен әдеп-ғұрпын және салт-дәстүрлерін терең тануға жол ашатыны бәрімізге мәлім. Ата-бабамыздан қалған талай жылдық тарихы бар ана тілді қайта жанарту, оның қолдану аясын кеңейту, жүздеген жылдар бойы отаршылдықтың әсерінен бағы ашылмай келе жатқан қасиетті тілімізді отбасы-ошақ қасынан төрге шығару біздің алдымызда тұрған үлкен міндет деп білеміз.

Мемлекеттік тіл – сол елдің халқын біріктіретін, ортақ істерге жұмылдыратын, елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден-бір құралы. Мемлекеттік тіл – бүкіл қазақстан-

дықтардың тілі. Сондықтан әлемдегі барлық өркениетті елдердегідей мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуге міндетті.

Елімізде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту бүгінгі таңдағы өзекті мәселе болып отыр. Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметте барлық мамандар білуге міндетті. Сотта да бүгінгі күні талапқа сәйкес барлық мемлекеттік органдар аппараттары мен құрылымдық бөлімшелерінде мемлекеттік тілде құжат дайындай алатын мамандар алынып, мемлекеттік қызметшілер аз көлемді құжат, азаматтардан келген өтініштерге жауап, бұйрық, актілер, хаттамалар сияқты шағын мәтіндерді мемлекеттік тілде дайындауда. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту мақсатында іс-шараларды мемлекеттік тілде жүргізіп отырады.

Шығыс құжаттар мемлекеттік және ресми тілдерде жүргізілуде. Алайда, мемлекеттік тілде хат алмасудың сандық көрсеткіші қанағаттанарлық. Себебі, сотқа талап арыз берушілердің дені басқа ұлт өкілдері. Алайда, осыған қарамастан шығыс құжаттар екі тілде (қазақ-орыс) жолданады. Сондықтан да біз өмір жаңарған, мазмұны жаңарған тұста ана тіліміздің өркенін өсірер жаңа істер атқаруға бір кісідей жұмылуымыз қажет.

Елбасының «қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген сөзін әрбір азамат ескерсе, сонда ғана қазақ тілі ортақ тілге айналары ақиқат.

Олай болса, әрбір отбасында, осындай тілге деген жанашырлық болса, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары дәрежеге көтеріледі деп ойлаймын.

Қызылгүл ЕЛДАШБАЕВА,
Манғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының кеңес меңгерушісі

ПІКІР

ҚҰҚЫҒЫҢДЫ БІЛУ – ЗАҢНАН ХАБАРДАР БОЛУ

Қазақстанда авторлық және сабақтас құқықтарға байланысты туындайтын қатынастар «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І заң бойынша реттеледі. Заңның талап, ережелерін білмегендіктен кейбір кезде жұртшылық арасында түсінбеушіліктер боп жатады. Соның бірі қызметтік туындыларға авторлық құқыққа қатысты (14-бап). Заң бойынша қызмет бабында міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібі бойынша жасалған туынды автордың мүлкі емес жеке құқығын қызметтік туынды авторы иеленеді. Егер жұмыс беруші мен автор арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, қызметтік туындыға мүлкілік (айрықша) құқықтарға жұмыс беруші ие болады. Қызметтік туынды кез келген жағдайда пайдаланылса, жұмыс беруші өз атауын көрсетуге немесе солай көрсетілуін талап етуге құқылы. Қызмет бабындағы міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмаларын орындау тәртібімен энциклопедияларды, энциклопедиялық сөздіктерді, ғылыми еңбектердің мерзімді және жалғастырыла беретін жинақтарын, газеттерді, журналдарды және басқа да мерзімді басылымдарды (11-баптың 2-тармағы) жасауға бұл

баптың ережелері қолданылмайды. 16-баптың 5-тармағы бойынша автордың немесе өзге құқық иеленушінің туындыны пайдаланудың әрбір түрі үшін сыйақы алуға құқығы бар. Оның мөлшері мен есептеу тәртібі авторлық шартпен, сондай-ақ авторлардың мүлкілік құқықтарын ұжымдық негізде басқаратын ұйымдармен жасасатын шарттармен белгіленеді.

Екіншісі, авторлық құқықтың қолданылу мерзіміне қатысты (28-бап). Заң бойынша авторлық құқық автордың бүкіл ғұмыры бойы және қайтыс болғаннан кейін 70 жыл бойы күшін сақтайды. Авторлық құқығын, оның есімінің құқығын және автордың шекделін қорғау құқығын қорғауға шек қойылмайды. Жасырын немесе бүркеншік атпен жарияланған туындыға авторлық құқық ол туынды заңды түрде жарияланған күннен кейін 70 жыл бойы күшін сақтайды. Тең автор жасаған туындыға авторлық құқық өмір бойы және басқа тең авторлардан ұзақ өмір сүрген ең соңғы автор қайтыс болғаннан кейін 70 жыл бойы күшін сақтайды. Автор қайтыс болғаннан кейін 30 жыл ішінде бірінші рет жарыққа шығарылған туындыға авторлық құқық туынды жарыққа шыққаннан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан

есептегенде ол жарыққа шыққаннан кейін 70 жыл бойы күшін сақтайды. Егер автор қуғын-сүргінге ұшырап, қайтыс болғаннан кейін ақталса, онда құқық қорғаудың осы бапта көзделген мерзімі ақталған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес туындыға қорғау берілген кезде, осы заңның 5-бабының 4-тармағына сәй авторлық құқықтың қолданылу мерзімін туындының шыққан елінде белгіленген мерзімнен асыруға болмайды. Туындылардың қоғамдық игілікке айналуы 29-бапта көрсетілген. Туындыға авторлық құқықтың қолданылу мерзімінің бітуі олардың қоғамдық игілікке айналғандығын білдіреді. Қоғамдық игілікке айналған туындыларды кез келген адам авторлық сыйақы төлемей еркін пайдалана алады. Бұл орайда авторлық құқық, автор есімінің құқығы мен оның беделін қорғау құқығы сақталуға тиіс.

Қоғамдық игілікке айналған туындыларды пайдаланушылар авторлардың шығармашылық қызметіне ықпал ету, олардың материалдық-тұрмыстық жағдайларын жақсарту мақсатында авторлардың кәсіби қорына немесе авторлардың мүлкілік құқықтарын ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарға қаржы аударуға ерікті.

Ерлан ШАЙХАДИНОВ,
Алматы қаласы Әділет департаменті зияткерлік меншік құқықтары бөлімінің бас маманы

ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

САЛТ АТТЫЛАР ШЕРУІ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛА МА?

Бүгінде жылқының ең алғаш қазіргі қазақ жерінде қолға үйретілгеніне әлемде ешкім күмән келтірмейді.

Қазіргі таңда қазақ деп аталатын ұлттың арғы ата-бабаларының қыл құйрықты бұл жануардың сүтін сусын, етін азық, терісін бұйым етіп ғана қоймай, оны мініс көлігі ретінде жуасытып, жүгендеп, ауыздық, үзеңгі сияқты бүкіл ер-тұрманын ойлап тапқанын Ботай қорымы мен өзге де жерлердегі археологиялық қазба жұмыстарында толық дәлелденді. Сондықтан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Ұлттық ат спорты федерациясының ұйымдастыруымен елордамыз Нұр-Сұлтаннан Жидебайға дейінгі 1 000 шақырымға салт аттылар шеруі өтеді екен дегенде біраз жұрт елең еткен болатын. Қала маңындағы Бозоқ қалашығының орнынан басталған бұл экспедицияға қолдау көрсетушілер арасында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, ҚР Ұлттық музейі, Ботай қорық-музейі болды. Құрамында Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласының өкілдері – тарихшылар, медицина қызметкерлері, БАҚ өкілдері болған бұл экспедиция алыс қашықтыққа тәуелсіздік тарихын-

да алғаш рет жасалуымен де ерекшеленіп отыр.

«Максат – тарихи нысандарды атпен аралап, атқа міну мәдениетін насихаттау, туризмді дәрiптеу. 10 маусымнан 29 маусымға созылған бұл сапар Шығыс Қазақстан облысындағы Жидебайда жерленген Абай мен Шәкәрім кесенесінде өз мәресіне жетті. Осы сапарда бір байқағанымыз – қуаңшылық пен су мәселесі болды. Өзімізге керек суымызды атқа артып алсақ та, ат суарар су табу қиынға түсті. Құрғақшылық салдарынан даладағы шоптің жағдайы да биыл мез емесін аңғардық», – дейді экспедиция мүшесі Ержан Жаубай. Оның айтуынша, кейбір туристік нысандар бір көрмекке керемет болғанымен, рухани тұрғыдан дәріптелмегендіктен саяхатшылар үшін құндылығы аса білінбейді. Бұл жергілікті атқару органдары ғана емес, өлкетанушылар үшін де үлкен сын болары анық. Өйткені, жас ұрпақтың бойына ұлтжандылықты сіңіріп, ел мен жердің қадірін арттырып, оны сауатты түрде насихаттап, туризмді дамыту арқылы халықтың әл-ауқатын ғана емес, мәдениеті мен дүниетанымын да көтеруге болатынын қазір өмірдің өзі көрсетіп отыр. Мәселен, салт аттылар шеруі деген кезде көп жағдайда ел тұрғындары ту



көтеріп көше аралап, ауыл арасында шапқылап жүрген адамдарды ғана есіне алып, бір сәттік әсерін айтады. Ал бұл дәстүр Америка құрлығындағы және Еуропадағы көптеген елдерде жүз жылдан астам уақыттан бері дәстүрге айналғаны әлі күнге дейін біреу білсе, біреу білмейді. Тіпті, білетіндерінен білмейтіндері бір емес, бірнеше есе көбірек. Мысалы, Германиядағы Оттенфорд қаласындағы салт аттылар шеруі кезінде бавар ұлттығын киімін киіп, арнайы әшекейленген аттарға мініп көшеде шеру жасаудың дәстүрге айналғанына 100 жылдан астам. Біздің елімізде де соңғы жылдары «Ел рәміздері – ел рухы», «Астана – ұлы дала елордасы» деген сияқты түрлі атаумен

салт аттылар шеруі бірқатар өңірлерде өтті. Алайда ол әлі күнге дейін бір жүйеге түспей келе жатыр. Мәселен, 2018 жылы Астананың 20 жылдығына орай Астана-Бұйрат-Ауыс-Қарқаралы бағыты бойынша өткен 10 күндік турдың жалпы ұзындығы – 600 шақырымды құрады. Алайда ол кезде де қатысушылар саны аз болып, насихаттауда шараны ұйымдастырушылар мен БАҚ өкілдері арасында өзара байланыс әлсіз болған еді. Арада 3 жыл өткенде бұл жағдай тағы қайталанды. Нұр-Сұлтан – Жидебай арасындағы 1000 шақырымдық 20 күндік салт аттылар шеруіне шараның ақпараттық демеушісі болған BAQ.kz-тен өзге бұқаралық ақпарат құралдары жүйелі түрде

атсалысып, бүкілхалықтық қозғалыс тудыра алмады. Сондықтан 2019 жылы «Марғұлан-Боранбай-Аддырна» ұлттық порталы арқылы Алтын орданың 750 жылдығына Ұлытау-Мәскеу бағыты бойынша салт аттылар шеруін ұйымдастыру туралы ойын ортаға салған кезде де оны іліп алып кеткен ешкім болмады.

Егер салт аттылар шеруін бір күндік шара ретінде емес, ұлттық, халықаралық және әлемдік деңгейдегі ақпараттық, танымдық, мәдени, тарихи және ықпалдастық тұрғысынан қарастырып, туризмнің бір бағыты ретінде де дамытар болсақ одан ұтпаса, ешкім ұтылмасы анық. Егер ұтымды жоба, тиімді маркетингтік ұсыныс жасап, бұл шаруаға ұйтқы болам дейтін жеке және заңды тұлғаларды табылатын болса демеушілер табу көп қиындық тудырмай еді. Тек ниеті тұзу, пейілі таза ұйымдастырушы мен жұмысты сауатты ұйымдастыра білетін кәсіби мамандарға атқарушы билік органдарының сенімі мен қолдауы қажет. Мұндай ауқымды шараны Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен орайластырып, күзгі жыын-терін кезінде елдің байлығы мен сәулетін паш ету үшін ұйымдастырамын дейтін бастамашы табылып жатса қанекі. Мемлекеттік бюджеттен қолмақты қаржыны қажет етпейтін мұндай іс бір емес, ондаған жылдар бойы елдің есінде қалатын айтулы оқиға болары күмәнсіз.

Е. ЕРЖАНУЛЫ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

4. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Бірінші қалалық аурухана» ШЖҚ КМК «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Бірінші қалалық аурухана» ШЖҚ КМК директорының бос лауазымына орналасуға конкурстар жариялайды. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының «Бірінші қалалық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының негізгі қызметі медициналық қызметтер көрсету болып табылады. Заңды мекенжайы: 150000 Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ., Сатпаев к-сі, 3, электронды мекенжайы: lgb_zdrav@sqa.gov.kz. Біліктілік талаптары: «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша сертификаттау курсынан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік немесе «Денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім немесе «Денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе MBA executive немесе full time дәрежесі. Денсаулық сақтау саласындағы менеджердің сертификаты, денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл; медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін-кәсіби құзыреттерінің болуы; дәрігердің біліктілігіне (бейін бойынша) бірініш (жоғары) біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі; клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты. Білуі керек: ҚР Конституциясы, Азаматтық кодексі, Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңы, «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы; қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері; Денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлық-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; басқарудың экономикалық әдістері және ұйым қызметін талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы; денсаулық сақтауда адам ресурстарын басқарудағы үздік тәжірибелер; халық денсаулығының жай-күйін санаптайтын статистиканы, өлшемдер мен көрсеткіштері; отандық медицинаның заманауи ғылыми жетістіктері; денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек кәсіпінсіздігі және өнімділігі қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормалар; төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру. Лауазымдық міндеттері: Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданып басқарушылық шешімдерді, ұйым мүддесін сақтауға мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады. Сыйбалас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына және өз тарапынан және оған бағынышты тұлғалардан сыйбалас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға дербес жауапты болады. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөнінде шаралар қабылдайды. Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шартты және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынасын реттеу мәселелерінде медициналық этика, заңдық талаптарын сақталуын қамтамасыз етеді. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуы жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісімшарттар, мәмілелер жасайды. Өз қызметіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті оқимдер мен бұйрықтар шығарады. Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта білдіреді. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі талаптарының, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдаланудың орнындауын, өртке қарсы қауіпсіздік пен қауіпсіздік техникасының, санитариялық-эпидемиологиялық режимнің сақталуын қамтамасыз етеді. Ұйымның уақтылы есептілігін қамтамасыз етеді. Конкурса қатысуға ниет білдірген тұлға конкурсу өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады: 1) конкурса қатысу туралы өтініш; 2) еркін нысанда жазылған өмірбаян; 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері; 4) еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болса) немесе еңбек шартының көшірмесі немесе шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардан үзінділер немесе жұмыс тәжірибесін растайтын басқа құжат; 5) 086/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама; 6) ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сотталуының жоқтығы туралы анықтамасы. Конкурса қатысушысы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби дамуына және денгеіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнының ұсынымын) бере алады. Конкурса қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарды электрондық пошта мекенжайына lgb_zdrav@sqa.gov.kz электрондық түрде ұсынады. Құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін, құжаттарды ұсыну мерзімі: 2021 жылғы 16 шілдене 30 шілдеге дейін. Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірмей беріледі. Оларды бермеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді. Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Бірінші қалалық аурухана» ШЖҚ КМК 2021 жылғы 5 тамызда сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін мына мекенжайда өтеді: Петропавл қаласы, Сатпаев көшесі, 3. Анықтама телефоны: 8 715 2 50 15 46.

3. КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ
Орталық Азия инновациялық университеті келесі білім беру бағдарламалары бойынша оқытушы-профессорлар құрамына, кафедра меңгерушілеріне, бөлімдердің бос жұмыс орындарына конкурстар жариялайды.
6В01101-Педагогика және психология – 2 ғылым кандидаттарына;
6В01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі – 1 ғылым докторы, 2 ғылым кандидаттарына;
6В01501-Математика – 2 ғылым кандидаттарына;
6В01503-Биология – 1-ғылым докторына;
6В05201-Экология – 1-ғылым кандидаттары;
6В01502-Химия – 1-ғылым докторына;
6В01702-Шетел тілі: екі шетел тілі 2-ғылым кандидаттары, 1 ғылым докторына;
6В01703-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті – 2 ғылым кандидаттарына;
6В01402-Дене шынықтыру және спорт 6 ғылым кандидаттарына;
6В02102-Дизайн (Сәулет, Жарнама, Киім) – 4 ғылым кандидаттарына, 1 ғылым докторына;
6В01401-Мұздық және 2-ғылым кандидаттарына, 3-магистрға оқытушыларына;
6В04105 – Экономика – 5 ғылым кандидаттарына, 1 ғылым докторына;
6В01601-Тарих – 1 философ ғылым кандидаттары;
6В04201-Құқықтану салалар бойынша – 5 ғылым кандидаттарына.
Байқауға қатысу үшін төмендегі құжаттарды университеттің байқау комиссиясына тапсыру қажет:
1. Ректордың атына өтініш.
2. Жоғары білімі туралы құжаттары (нотариалды куәландырылған).
3. Ғылыми атақтары туралы дипломдары (нотариалды куәландырылған).
4. Ғылыми макалалардың тізімі.
5. Соңғы жұмыс орнының міндеземе.
6. Санитарлық кітапшасы.
7. Фотосурет – 4 дана (3x4).
Байқауға қатысу үшін құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 апта мерзім аралығында қабылданады.
Мекенжайы: Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, № 80, 209-бөлме. Телефондары: 37-12-86, 37-12-87, 8-705-363-73-82.

9. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазуаршы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Бас директоры орынбасарының бос лауазымына конкурстар жариялайды.
Функционалдық міндеттері: Еңбекке тәуелді нысандар мен жүйелерінің, тарифтік мөлшерлемелердің дұрыс қолданылуын, разрядтар мен жалмақтардың белгіленуін бақылайды. Кәсіпорынның экономикалық жағдайын, халыққа және экономика салаларына су беру бойынша ақылы қызметтердің нарықтық деңгейін талдауды жүзеге асыруға қатысады, ҒЗЖ жетістіктерін, инновацияларды, отандық және шетелдік тәжірибесін пайдалана отырып, оларды дамыту бойынша ұсыныстар дайындайды. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын кәсіпорын шығындарын негіздеу бойынша материалдарды дайындау және қалыптастыру. Суды нақты пайдалануға қатысты белгіленген нысандар бойынша белгіленген мерзімде есептілікті тапсыру бойынша жұмысты бақылайды. Кәсіпорындағы өндірістік қызмет үшін қажетті барлық материалдық ресурстармен қамтамасыз етеді және өндіріс шығындарын азайту үшін оларды ұтымды пайдаланады. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.
Конкурса қатысушыларға қойылатын талаптар: «су ресурстары және суды пайдалану», «мелиорация», «құнарландыру және жерлерді қорғау», «гидрология», «экология», «гидрометеорология», «құрылыс», «гидротехникалық құрылыс және имараттар», «гидромелиорация», «гидрогеология және инженерлік геология», «ауыл шаруашылық құрылыс», «көнеркісіптік және азаматтық құрылыс», «сумен жабдықтау және қарыз», құдық (құдықтану), құдықтану немесе жан, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, қаржы, есеп және аудит).
Мамандығы бойынша кәсіпорынның бейініне сәйкес басшы лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.
Конкурса Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 қаңдағы № 70 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу Қағидалары негізінде өткізіледі.
Конкурса қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайтында жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктері үйі, 14 кіреберіс, 4 қаба, 457 кабинет мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс. a.shakerova@ecogeo.gov.kz. Конкурс онлайн форматта ZOOM бағдарламасы арқылы жүргізіледі.

ӨРТУРЛІ

5. «АлатауКомСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жарғылық капиталының 1 947 330 341,55 теңгеден 1 616 271 739,45 теңгеге азайтылып, 331 058 602,10 теңге болатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Абылай хан көшесі, №213 үй, «Қарасай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
6. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Красный Кордон ауылының «Жұлдыз» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, БСН 051040005248, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 021219, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Бәйтерек ауылдық округі, Красный Кордон ауылы, Орталық көшесі, 49-құрылыс.
11. «Димаш-Проект 2006» ЖШС, БСН 080940017992, «Ostara Group» ЖШС-не, БСН 080940017992 (заңды мекенжайы: ҚР, ШҚО, F02T6Y2 (070010), Өскемен қаласы, Целинная көшесі, 108-ғимарат) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 37, 312-кеңсе.

ТАРАТУ

2. «Компания Регистратор» ЖШС, БСН 041240005730, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050002, ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Башев көшесі, 3А үй.
7. «JEB GROUP» ЖШС, ЖСН 191140020364, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде талаптарды мына мекенжайда қабылдайды: Жамбыл обл. Байзақ ауданы, Қызыл Жұлдыз ауылы, Ибрагимовна көшесі, 27. Тел.: 8 708 483 66 58.
13. «MB Construction Equipment» ЖШС, БСН 201240005775 (Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93А үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жамақбаев көшесі, 254Д үй. Тел.: 87018708881.

МҰРАГЕРЛІК

8. 29.06.2010 ж. қайтыс болған Қадырова Салиманың қалған мұра мүлігіне мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге нотариус Б.Н. Түлегеноваға хабарласуды сұраймын: Түркістан қ., Саттарханов даңғ., 44.Тел. 87082903282
10. 15.04.2021ж. қайтыс болған Қасимова Клара Джумабаевнаның артынан мұра ашылды. Мұрагерлерінің Түркістан қаласы, Тауке хан даңғылы, 299А мекенжайы бойынша нотариус Т.Ө. Тілеповке келулері қажет. Тел.: 87016565788.
14. 12.01.2021 ж. қайтыс болған Дали Рәсул Жұмабайұлының артынан мұра ашылды. Мұрагерлері Түркістан қаласы, Н.Төрқұлов көшесі, 58 мекенжайы бойынша нотариус Ф.С. Алихановаға келулері қажет. Тел.: 8 705 436 83 12.

БАНКРОТТЫҚ

15. Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 12.07.2021 ж. ұйғарымымен «Park kaz» ЖШС-не, БСН 170340002674, қатысты банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Несиегерлердің талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 62, ұялы тел.: 87024736989.

Түзету
«Заң газетінің» 2021 жылғы 13 шілдедегі №55 санының 7-бетіндегі «Өртүрлі» айдарында шыққан №4 жарнама мәтініндегі «GOPS EURASIA (ГЕОПС ЕВРАЗИЯ)» сөзі «GEOPS EURASIA (ГЕОПС ЕВРАЗИЯ)» болып оқылсын.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!
ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zangreklama@mail.ru электронды поштамасы жолдаңыз.
ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:
«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крунская көшесі, 61 кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«KAIIROS» ЖШ, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaiiduayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetyisaly.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3,55/133.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 20. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04
«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Қалмасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г. Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.
«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сағидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаһтаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8 (700) 228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы өткен санда)

– Төртеу едік, – деді сәл бөгеліп. – Менің «девяткаммен» бара жаттық. Сосын олар түсіп қалды. КамАЗ-ға өзім бардым. Екі адам екен. Радиатордың суы қайнап кетіпті. «Суға барып келеміз» деп, біреуін алып кеттім. Суды алып келдік. Сол кезде Баха алдымыздан шыға келіп, менің қасымдағы адамды келтек мылтықпен атып жіберді. Машинада қалған жігітті де атып өлтіріпті. КамАЗ толы жеміс-жидек. «Қызылордаға апарып сатамыз» деді.

– Тағы екеу кім? Аты-жөнін айт!
– Біреуінің аты Женя, екіншісі Андрей.

– Баханың фамилиясы кім? Женя мен Андрейдің ше?

– Шынымды айтсам, білмеймін.
– Оны еске түсірудің тамаша бір әдісі бар, – деді тергеуші күліп. – Бүгін түнде есіне тез түсіресің. Мен саған көмектесем! Шын айттам.

Ертеңіне темір тордан мысы басылып, жүні жығылып шыққан Яшков Женяның Соболев Евгений Анатольевич, Андрейдің Левченко Андрей Андреевич екенін бөгелмей айтты. Баханың шын аты Бахтияр екен.

...Яшков қамауға алынғаннан-ақ жаздан құтылуың жолы кесілгенін түсінген. Әуелі он бес жылға мойынсынды. Кейін жиырма жылды да мақұл көріп жүрді. Жиырма жыл отырса бостандыққа елу алты жасында шығады екен. Жиырма жылдан кейін де бостандықта өмір бары көңілін сәл-пәл жұбатады. Болашағына тіреу болар нәрсе сол ғана еді. Енді тергеуші оны да көпсінгендей, өлімісіреп жанған сол үмітін жалп еткізіп сөндіріп кетті.

– Мойнында үш адамның қаны бар. Осының өзі өлім жазасына жетіп жатыр. Кел, екеуміз бір нәрсеге келісейік, – деді тергеуші Сәбит Жапбаров. Жүзінен аздаған жылылық білінді. Алдына пластик бөтелкедегі қытайдың сасық арағы мен балқып піскен кәуап қойды. – Сен одан да қалған өміріңді ойла. Не ішкің келеді, не жегің келеді? Жаның не қалайды? Айт, бәрін әкеп берем. Келіншегіңмен кездескің келсе, оны да айт! Орындаймын.

Яшков тергеушіге анттарыла қарады. – Иә, иә, орындаймын. Менің жалғыз ғана шартым бар. Сен шындықты бүкпей, бәрін айтасың. Кірпіш тиенен КамАЗ сенің ісің. Сенің қолтаңбаң. Соны мойындап, көрсетіп бересің. Егер оған келіспесен, онда өзің біл. Мына тас камерада отырғаның отырған. Ертеңге дейін уақыт берем. Ойлан!

Осыны айтып тергеуші камерадан шығып кетті. Темір есік тарс жабылды. Төбе тұстағы ойықтан сыздықтап білінген сараң сәуле алдындағы арақ пен кәуапқа түсіп тұр. «Іш, же» дейтіндей. Сексеуілдің шоғына піскен кәуаптың иісі қандай жақсы! Бұрқырап танау қытықтайды. Тас камераға пейіштің демі келгендей-ау. Еріксіз қолын созды. Бөтелкенің аузын тістеп жұлды да, мойнын өңешіне сұғып жіберіп қылқылдатты жұтты. «Уф-ф!» кәуаптан екі асады. Тамыр-тамырына от жүгіріп, мұздаған денесі ілезде қызып сала берген. Шекесі бусынып, бет білінді. Светамен кездескісі кеп кеткенін айт.

«Эх, Света, Света! Ұрғашылар ішіндегі қылықтым! – деп көңілі шалқып, шырын ойға шым бақты. – Сенің аш беліңнен құшақтап, тот кеудеңнен иіскеу үшін не істемедім мен!»

...Сол күні кешқұрым Баха екеуі құмның арасына ескен көкнәрдан қайтып келе жатқан. Тақымда мотоцикл. Тырылдатып отырып қас қарая трассаға да жетті. Жол бойына аялдаған тіркемелі КамАЗ-ды байқағаны сонда. Байқоңырды бетке алып тоқтапты. Бұл мотоциклді сөндіре салып:

– Баха, көріп тұрсың ба? Қызығып тұрмын, не істейміз? – деді.
– Жақсы КамАЗ екен.
Мотоциклді жетегіне алған бұлар



АЛТЫ АҮЛДА АШЫЛҒАН ҚЫЛМЫС

жүк көлігіне сырт жағынан келіп, шопырдың есігін тықылдатты. Әйнек төмен сырғып жартылай ашылды.

– Не керек сендерге? – Іштен ер адамның басы қылтып көрінді.

– Мотоцикл бұзылып... балға, кілт... бере тұрмайсың ба?

– Біз демалып жатырмыз. Таң атсын.

– Байқоңырға дейін он бес шақырым. Итеріп қалай барамыз, берсеңші.

– Таң атсын дедім ғой саған! – Сөз осымен бітті дегендей КамАЗ-дың шопыры әйнегін жауып алды.

– Ерегіскенде танды күтеміз. Қазір мен бұның бір сымын жұлып тастайын, – деп, Яшков машинаның астына кіріп шықты. Баха сексеуіл жып, от тұтатты.
– Сен осы КамАЗ-ды жақсы меңгергенсің, ә? – деп Баха лаулап жанған алауға көзін тігіп отырып әңгіме қозғады.

– Марқұм әкем КамАЗ айдаған. Сарысу... Жезказған... талай шарлағанбыз, – деп бұл жастық шағын еске алды. – Әкемнің өмірі КамАЗ-дың үстінде өтті. Экспедицияда жұмыс істеді ғой. Жазғы қаниқулда мені қасына алады. КамАЗ-дың моторын көзімді жұмып жөндөй берем. Әкем үйреткен...

...Тас камерада отырған Яшковтың жүрегі сағыныш баурап, әлем-жәлем болған көңілін баса алмай, иығы селкілдеп кетті. Көз алдында марқұм әке-шешесі, балалық шағы өткен Тула қаласы...

...Тамыз түні өз-өзін тоқтата алмай. Одан әрі апыр-топыр оқиға болды да қалды. Машина астынан еңкейген қалпы бері шыға берген шопырды Баха қарақұстан екі соқсын. Ол сылқ құлап, сол арада сеспей қатты. Кабинада отырған әйелдің жүрек тұсына пышақ көркіп, үнін онай өшірген езі. Өліктерін көктемгі су орып тастаған жыраға лақтырған. Содан кейінгісі белгілі... Жезказған жақтың жолы көкірегінде сайрап тұр. Сәтбаев қаласындағы ескі танысы кеше түнде есіне түскен. Кемесалған тұсындағы жоғары вольтты электр желісін жағалаған кара жол түп-тура сонда апарды, бұрын жүріп көрген. Айтпақшы жолда Соболевті ертпін алғаны бар. КамАЗ тола қызыл кірпіш. Көзіне қып-қызыл ақша боп елестеп еді сонда...

...Айтып болдың ба? – деді маңадан бері Яшковтың қызыл кірпіш

тиенен КамАЗ туралы әңгімесін бөлмей тыңдаған тергеуші Сәбит Жапбаров.

– Мен ойланып-ойланып сенің ұсынысыңа келіскесін айттым. Оқиғаның ұзын-ырғасы осы. Басқа алып-қосарым жоқ.

– Менің де айтқаным, айтқан. Сөзімде тұрам. Жағдайыңды жасаймын. Бірақ сен әлі толық ашылмай тұрсың.

Яшков қайдан білейін дегендей иығын қақты.

...Ерлі-зайыпты екеудің сүйегін қазып алуға бір топ құқық қорғау қызметкері шағын автобуспен аттанды. Екінші шағын автобуста қарулы күзетпен айыпталушы Яшков отыр. Жүні жығылған. Жүзі жабырқау. Білегін қажаған темір кісеге кіртінген көзін торыға тастап қояды.

Тергеуші Сәбит Жапбаров жақында жіңішкерген соңғы үмітін үзіп кетіп еді, енді қылтып тағы бір үміттің шетін шығарып отыр. Өлім жазасынан құтылуың жолы бар дейді. Ол үшін Ресейде жасаған қылмыстарын мойындаса жетіп жатыр екен. Сонда Ресей өзін этаппен әкететін көрінеді. Еліне бір барған соң сол елдің азаматы болғандықтан арыз жазып, Ресей түрмелерінде қалауа болады дейді. Қазақстан өлім жазасына кескенмен, Ресей ол жазаға мараторий жариялаған. Аман қалудың жалғыз амалы осы дейді тергеуші Жапбаров. Бұл сенер-сенбесін білмейді. Дегенмен сөзінің қисыны бар сияқты. Әлжуаз шарана үміт сығырайтып көзін ашты. Тулада машина ұрлағанын, Байқоңырда адам өлтіргенін мәлімдеуге мәжбүр болған себебі сол. Қолын да қойды. Тергеуші оны Ресей прокуратурасына жолдама. Осы жақсылығының қарымтасындай қып бұл енді ерлі-зайыпты екеуді көмген жерін көрсетуі тиіс. Өзін Ресейге біржола беріп жіберу үшін мұндағы істі тиянақтап, тындырып қою қажет дейді тағы. Өліктерді тауып беру өзіне пайда сияқты, есекдәме әйтеуір.

Халық «Қызыләскер» деп атап кеткен жерге бұлар өске түсте жетті. Шақырайған күн тас төбеде. Құмның қойнауы күйіп тұр. Алтап.

– Қай жерге көмгеніңді ұмытпаған шығарсың? Қане, көрсет! – деді тергеуші. Яшковтың жасқаншақ боп қалған жүрегі дірілдеп қоя берді.

– Қазір... қазір... – Айналып жүріп құм төбешіктің бауырына өскен кәрі сексеуілдің Қазалы жақ бетін нұсқады. – Мына жер.

– Осы араның маңайын айналдыра түсір. Бізден бұрын мұнда адам келмегені, ізі түспегені көрінсін деп, – тер-

геуші Сәбит Жапбаров бейнекамера ұстаған оператор жігітке нұсқау берді. Сонан соң Яшковқа бұрылып: – Өліктің басы қай жаққа қарап жатыр? – деді.

– Трассаға қарап жатыр, – деді Яшков. Қазудың басталғаны осыдан соң ғана. Бір метрдей тереңдікке жеткенде өліктің күлімісі иісі мұнқ ете қалды.

Яшков болса, құмға біржола сіңіп кетердей боп, шөгін тұр.

...Жезказған мен Қызылорданың арасы ұшы қиырсыз мидай дала. Тоқтаусыз тартқан шағын автобус жер табанын қанша қуырса да, жол жарықтық таусылар түрі көрінбейді. Қарсақбай, Жезді арқылы Сәтбаевқа, Жітіқара, Рудный арқылы Қостанай жағына барып, содан қайтып келе жатқан тергеуші Сәбит Жапбаров мойнына алған Яшковтың ісін қалайда тезірек бітіріп, тезірек сотқа жөнелтуді ойлай береді. Осы күнге дейін ірілі-ұсақты бірталай бұлтартпас айдақтар жинап тастапты. Осы сапарында Жезказған өңірінен тапқандары бір төбе.

КамАЗ тіркемесі Сәтбаев ауылынан шықты. Кірпіш сатып алған адамның үйінде қантарылып тұр екен. «0256 ЕД» «КЗ» деген бұрынғы нөмірі сол қалпы өшірілмеген. Көзіне оттай басылды. КамАЗ-дың өзі Сәтбаев қаласының тұрғыны Алтынбек Ерімбетовтің ауласынан мен мұңдалады. Қорабындағы Е 031 АО деген бұрынғы мемлекеттік нөмір кейінгі бояуының астында бадырайып көрініп тұр. Кірпішті сатып алған Нұрлан Қалмурзин өзінің ескі танысы Яшковтың қылмыс жасап келгенінен хабарсызбын дейді.

Ал жеміс-жидек тиенен КамАЗ қайда? Алғашында Яшков оны да сатып жіберерге, бірақ кімге сатқанымды білмеймін деп бұлтатқан.

– Ол табылмай, сені Ресейге жібере алмаймыз, – деп, тергеуші Яшковтың Ресей асып кетсем деген үмітін тағы да үзіп тастады.

– КамАЗ Қостанайда, – деді жүнжіп біткен Яшков біраздан соң бозарған көзін көтеріп. – Өзім айдап апарып бердім. Байқоңырға ет таситын неміс жігіті еді.

Бұлар соңғы күшін сарқып Қостанайға да жетті. Неміс жігіттің үйін тауып барды. Бірақ іздеген адам ол үйде тұрмайтын боп шықты. Әлдеқашан Германияға көшіп кеткен дейді. Бұны Көші-қон полициясы да растады.

– Сен бізді текке екі мың шақырым жол жүргіздің! Әуре-сарсаңға салдың.

Болды, Ресей жоқ саған. Иманьды үйіре бер! – деді Сәбит шын қынжылып.

Осы істің соңына түскеніне төрт айдың жүзі болып қалыпты. Өзі де шаршап, титықтай бастады. Осы КамАЗ-ды заттай айғақ ретінде тіркесе, істі қорытындыламақ-тұғын.

«Газель» ішінде тербетілгендердің барлығы үйлеріне жетуге асық. Асықпайтын Яшков қана. Қайда асығалды? Түрмеге ме? Өлімге ме? Жалғыз үміт тергеуші айтқан Ресейдің түрмесі еді, енді оның да ауылы алыс сияқты.

Терезеден телміріп тысқа қарады. Күзгі дала сұп-сұр. Қарашаның түнерген бұлттары көңілге үрей жамайды. Рудный, Тобыл, Лисаковск, Денисовка... артта қалып жатыр. Алда ұзақ жол. Жол таусылмаса екен деп тіледі Яшков. Осылай шұбатыла берсе, шұбатыла берсе, бітпесе... Тұтамдай да болса өмірін ұзартатын осы жол ғана. Өзіне таныс жол. Бір кездері өзін жеңімпаз сезініп өткен жол. Мына арада түнеген. Мына арада тұтастай бір тоқтыны отқа қақтаған. Ал мына арада...

– Гражданин начальник! – Яшков айкайлап жіберді. Үні жарықшақтанып ашы естілді. – Гражданин начальник!

Еліріп, орнынан тұрып кете жаздады. Әлдебір ұмытқаны есіне түскендей, түрі алабұрттып кеткен. Көлікте бірге келе жатқан жедел уәкілдер оған таңырқап, ошарыла қарап қалыпты.

– Вещдок... вещдок... улика... есіме түсті... осы арада!

– Ақылныңан адасқаннан саусың ба? Айдалада не қылған вещдок? – Сәбиттің жүзінен таңданыс байқалды.

– Артта! Артта... Шын айттам.

«Газель» бұрылып, едәуір жер кері жүруге тура келді.

– Анау... анау...

Ол нұсқаған жақ мидай жазық дала, жоғарғы вольтты электр желісінің бетон бағанынан басқа ештеңе көрінбейді.

– Түбін қазу керек. Көмгенмін... көміп кеткенмін, – дей берді.

Жігіттер «Газельден» келтек темір тауып алып, баған түбін көсіп кеп қалғанда, топырақ астынан темір қанылтыр шыға келді. Көліктің мемлекеттік нөмірі. Жазуы анық. «70 УТН» Сәбиттің көзі жайнап кетті.

– Мынау нөмір ғой... соның нөмірі ғой! – Қараөзектен табылған артқы жақтаудағы нөмір. Өз көзіне өзі сенер емес. Рас па, өтірік пе? Түсі ме, өңі ме?

– Андрей, маладес, – деді қуанышы қойнына сыймаған Сәбит ақсия күліп. – Қалай ұмытпағаның, а?

Жол бойы қайран қап, басын шайқаумен болды. «Жады қалай берік! Өлік көмген жерді де жаңылспай дөл көрсетті. Құм төбелер көшіп, дала өзгеріп кеткен. Түнде де адаспай жорта береді. Жұлдыздар жол сілтейді дейді өзі. Мықты жігіт! Қылмасты да тегін адам істемейді-ау!»

...Осы іс бойынша 2002 жылғы наурыздың 5-інде Қызылорда облыстық соты Қазақстан Республикасы атынан сот үкімін оқыды.

Сотталушы Андрей Васильевич Яшков пен Бахтияр Маратович Исмаилов Қылмыстық кодекстің бірнеше баптары бойынша кінәлі деп табылып, өлім жазасына кесілді.

Евгений Анатольевич Соболевқа 15 жыл, Андрей Андреевич Левченкоға 14 жыл, Ермек Қырымбекович Қайыржановқа 15 жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Айтпақшы Яшковтың Ресей аумағында жасаған қылмыстары бойынша сол елдің прокуратура, сот қызметкерлері Қызылордаға келіп, арнайы айналысады. Алайда, Яшков Ресей азаматы болса да, Ресейге әкетпей, 12 жыл жаза тағайындап, оны Қазақстан сотына тастап кетеді. Бұндай қаныпезер қылмыскер оларға да керек емес екен.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ,
«Таң-Шолпан» әдеби-көркем,
көпшілік журналының
бас редакторы

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жаная Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75.
Шығыс Қазақстан облысы	Шадыяр Мекенбайұлы 87757335665 Талғатжан Мұхамдиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй,
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым **8019 дана**
Апталық таралым **16 038 дана**
Тапсырыс №99 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты таллап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31